

Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясы

А.Е.Садыкова, Ж.А.Асанова, Г.К.Алиева

«Мәдениет академиясы»
пәнінен тәжірибелік сабақтарға арналған қосымша материалдар.
(факультатив)

Қарағанды, 2024

РЕЦЕНЗЕНТТЕР:

Пікір жазғандар:

Сәкен Меңдуллаұлы Аралбай «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ, Қазақстан тарихы және әлеуметтік–саяси пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, мәдениеттану мамандығы бойынша философия PhD

Ербақыт Мұхамедқалиұлы Баймұханов Қазақстан Республикасы Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы кәсіби – психологиялық даярлық және ІО басқару кафедрасының бастығы, с.ғ.к., полиция подполковнигі

А.Е.Садыкова, Ж.А.Асанова, Г.К.Алиева «Мәдениет академиясы» пәнінен тәжірибелік сабақтарға арналған қосымша материалдар. **45 б.**

«Мәдениет академиясы» пәнінен тәжірибелік сабақтарға арналған қосымша материалдар. «Құқық қорғау қызметі» білім бағдарламасы бойынша білім алатын 1 курс курсаттанттарына арналған. Аталмыш пәннің тақырыптарына сай ақпараттық материалдар бар.

Кіріспе.

«Мәдениет академиясы» пәні Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Бәрембек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы жанындағы Кәсіби даярлық факультетінің курсанттарының оқыту және ұйымдастыру тәртібін белгілейді. «Мәдениет академиясы» пәнінің басты мақсаты мемлекеттік құқық қорғау жүйесінде ішкі істер органы маманының жеке тұлғасына әсер ететін жалпы мәдени біліктілігін қалыптастыруда мәдениетін дамыту факторларын жандандыру.

«Мәдениет академиясы» пәні курсанттардың жалпы білім беру деңгейлері мен қызығушылықтарын ескере отырып, әзірленген жұмыс бағдарламалары бойынша жұмыс істейді.

Талай ғасырлардың сын елегінен өткен, әлемді меңгерудің мейлінше бай тәжірибе – тағылымы бар, небір тарихи дәуірлердің рухын жинақтаған, арман-ойларын, үміттері мен межелерін уақыт сүзгісінен өткізген мәдениеттің теориясы мен тарихының рухани-шығармашылық маңызының зор екендігі анық. Оқу құралы авторының мақсаты – мәдениеттану ілімінің қоғамдағы орны мен рөлін, оның теориялық негіздері мен әлемдік озық үлгілерін, қазақ халқының бай мәдени мұрасы мен рухани ізденістерін оқырман қауыммен бірге талқылау. Мәдениеттану мәселелері, әсіресе, бұрыннан қалыптасқан құндылықтар жүйесін қайта қарау кезеңдерінде заман талабына айналды. Мыңжылдықтар тоғысында тек қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті емес, сонымен бірге бүкіләлемдік өркениет пен мәдениеттің түбегейлі өзгеруі анық көрінеді. Бұл ретте бірнеше бағдарлар айқын: - байырғы дәстүрлі мәдениетті мансұқтаушылық, ескі өркениет өрнектерін сол қалпында жандандыруға тырысушылық; -Ф.Ницше айтқандай, «барлық құндылықтарды қайта қарау», «Ұлы бас тарту», мәдени сабақтастықты елемеу; - әлемдік өркениеттердің жаңа тәртібін қалыптастыруға қатысу, халықтың рухани бастаулары, жаңа ағымдарға үйлесімді ұштастыру, мәдени деңгейге немқұрайлы қараудан арылу, этно мәдениеттің типтік ерекшеліктерін анықтау, оларды дамыту. Оқу құралы жоғарғы оқу орындарындағы студенттерге, оқытушыларға және де философиялық ғылым мәселелерімен айналысып жүрген көпшілікке арналған.

Тақырып 1. Мәдениет феномені даму тарихы және қазіргі жағдайы

Сұрақтар:

1. Мәдениет философиясы немесе мәдениет теориясы
2. Әлемдік мәдениеттердің теориясы мен тарихы
3. Қазақ мәдениетінің теориясы мен тарихы

Мәдениет философиясы немесе мәдениет теориясы

Мәдениетті зерттеудің терең философиялық дәстүрлері бар, ол басқа ғылымдардың, ең алдымен археология, этнография, тарих, психология, әлеуметтану ғылымдары өкілдерінің қызығушылығын тудырды. Тек ХХ ғасырдың ортасында ғана мәдениетті пән аралық зерттеу басталады.

Мәдениетті қазіргі кезеңдегі түсінігі оның дағдарысын, адам мен табиғат арасында үйлесімнің мүмкін болмайтындығын ұғыну ретінде қалыптасты. Қазіргі уақытта мәдениеттердің алуан түрлі типін енгізуге, мәдениеттің негіздері туралы теориялық ойлардан нақты мәдениеттану зерттеулерін өткізуге көшу мүмкіндігіне жол ашылды.

Сөз жоқ, мәдениеттанушы, ең алдымен мәдени қызметтің нәтижелерімен (мәдени шығармашылықтар тақырыбымен, өнімдерімен — мысалы, музыкамен, сурет өнерінің туындыларымен) айналысады, сондай-ақ музыкатанушылар, өнертанушылар қандай теориялық позицияны ұстанатындығына тәуелсіз, мәдениет рухын (менталитетін, мәдени парадигманы) игеруге бет бұрғанда мәдениеттанушыларға айналады. Бұл жағдайда екінші – мәдениеттің коммуникативтік тобы пайда болады (қарым-қатынас жасау деңгейі, білім беру және тәрбиелеу институттары). Ең соңында, оның ядросы, архетипі — мәдени шығармашылық қызметінің құрылымы анықталады.

Мәдениеттану философиядан бөлініп шығып, өзінің зерттеу тақырыбына ие болады, «мәдениет археологиясына» көңіл аударады, оның генезисін, жұмыс істеуін және дамуын анықтайды, мәдени мұрагерлік және тұрақтылық тәсілдерін, мәдени даму «кодын» ашады. Ол келесі функцияларды қамтамасыз етеді:

- мәдениетті, оның ауызша және символдық қабықшада жасырынған базалық негіздерін сақтау;
- мәдениеттің, жаңару, инновация институттарының қалыптасуы;
- мәдениет трансляциясы – мәдениеттің заттану әлемі индивидтің әлеуметтенуы мен мәдениеттің даму әлемі ретінде.

Барлық үш деңгей форма құрудың кең спектрін сипаттайды (ғылым, техника, өнер, дін, философия, саясат, құқық, экономика және т.б.), бұл сонымен бірге қызмет құрылымын, бейнесін, мәдениеттің тұтастығын анықтап көрсетуге мүмкіндік береді және оның жетістіктерін суреттеуден тұрады, бірақ осындай тұтастықты жаңғырту проблемасын қояды мен концептуальды шешуді болжайды. Мәдениеттанудың міндеті – мәдениет «генетикасын» құру, ол нақты көркемдік іске асырудың тарихи – мәдени процесін ғана түсіндіріп

коймай, мәдениеттердің әртүрлі типті модельдерін жаңғыртып, оларға салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік берер еді.

Мемлекеттік білім беру стандарттарына кіргізілген мәдениеттану оқу пәні ретінде мәдениеттану мектептерін, бағыттарын, әлемдік және отандық мәдениеттің теориялары мен тарихын қарастырудан тұрады.

Ол өзара әрекет ететін элементтерден құралатын және басқа жүйелермен, қоғаммен өзара байланыста және үнемі дамуда болатын, күрделі ішкі құрылымы бар жүйе ретінде мәдениет туралы білімнің дербес, логикалық негіздерге, біріккен жиынтығы түрінде болады.

Мәдениеттану тақырыбы жалпы адамзаттық және ұлттық мәдени процесстердің объективті заңдылықтары, «тірі» ескерткіштер және материалдық пен рухани мәдениеттің құбылыстары, адамдардың мәдени қызығушылығы мен қажеттіліктерінің пайда болуын, қалыптасуын және дамуын басқаратын факторлар мен алғышарттар болып табылады.

Мәдениеттану объектісі әртүрлі табиғи жүйелердегі мәдени өмір, негізгі мәдени-тарихи типтердің ерекшеліктері мен жетістіктерін айқындау, қазіргі әлеуметтік мәдени ортада тенденциялар мен процестерді талдау болып табылады.

Мәдениеттану ғылымының маңызды проблемаларының қатарына әлемдік және отандық мәдениет теориясы мен тарихының маңызды мәселелері жатады.

«Мәдениет» сөзі тек XVIII ғасырда тұрақты түрде қолданысқа еніп, кең тараған. Алайда бұл сөз Рим антикасында пайда болды, ал латын тілінде «агромәдениет» дегенді білдірген, яғни жерді өңдеу, өсіру, егу. Бұл бастапқы мәні уақыт өте келе басқа, адамның жеке қасиеттерімен байланысты мағынаға ие болады. Ағарту заманы деген атпен тарихқа енген XVIII ғасырда мәдениет ұғымы тек рухани мәдениет болып шектеліп қалады. Бастысы адамның білімділігі, оқығандығы және тәрбиелілігі болады. Мұнда білім шешуші роль атқарады, алайда сол кездің өзінде білімнің қажеттілігі айқын болды, бірақ мәдениетті болу үшін ол жеткілікті шарт емес екендігі де анық.

Мәдениет туралы ғылым – мәдениеттануға келсек, ол кешірек, біздің ғасырда қалыптасты. Әрине, мәдениет одан бұрын да зерттелді. XIX ғасырдың ортасына дейін онымен философия мен тарих шұғылданды, одан кейін басқа ғылымдар – этнография, философия, антропология қосылды.

Тікелей мәдениетке арналған алғашқы жұмыстардың бірі ағылшын тарихшысы Э. Тайлордың «Ертедегі мәдениет» («Первобытная культура») (1871ж.) кітабы болды. Бұл жұмыста Тайлор үлкен этнографиялық материалды зерттеу негізінде ертедегі (алғашқы) мәдениеттің нақты элементтерін суреттеп (әлемдік жағдайында), “анимизм” (латынның “anima” өмір бастауы, тірі зат, жан, өмір сөзі) – алғашқы адамның қоршаған ортамен қатынасы бойынша оның бүкіл практикалық тәжірибесін байланыстыратын бүкіл табиғаттың жандануына сену теориясына негізделген тұтас көрінісін берді.

Тайлор үшін эволюционист ретінде басты мақсат (яғни мәдениетті кенеттен болатын өзгерістер мен күйзеліссіз, оның біртіндеп дамуы мен өгеруі процесінде қарастыруды қолдайтын) “Жабайылықтан” “өркениетке” жету

жолында адамзаттың мәдени бірлігі мен біркелкі дамуын көрсету болды. Бірақ эволюциялық процесті түсіндіру оның мәдениетті қалай түсінетіндігімен анықталады. Өркениетпен теңдесетін мәдениетті Тайлор былай анықтайды: “Мәдениет, немесе өркениет кең этнографиялық мәнде білімнен, сенімнен, өнерден, адамгершіліктен, заңдардан, әдет-ғұрыптардан және адамның қоғам мүшесі ретінде игерген басқа да қабілеттері мен әдеттерінен құралады”.

Білімнің ерекше саласы ретінде мәдениеттің жалпы теориясын құру мүмкіндігі мен қажеттілігі бірнеше қайтара ұғынылды. “Мәдениеттануды” құруға талаптанған алғашқы зерттеушілердің бірі (ол мәдениет туралы ойлаудың даму феноменін белгілеу үшін осы терминді ғылыми айналысқа енгізу қажеттілігін арнайы негіздейді) белгілі американдық антрополог Лесли Уайт болды. Ол “мәдениет туралы ғылымның синонимі ретінде” мәдениеттану терминін қолданудың негізін қалады. (Л. Уайттың негізгі еңбегі осылай аталады). Оның мәдениет ұғымы болмыстың ерекше объектісін, әлеуметтік құбылыстардың ерекше тобын қамтиды. Жүйе ретіндегі мәдениет индивидтен кейін тұрады: “Мәдениет” өзіне тән терминдермен түсіндірілу керек, алайда бұл әдеттен тыс болып көрінуі мүмкін, адамзатты зерттеудің тікелей объектісі адам емес, мәдениет болады».

Л. Уайт мәдениетті жеке адамға және адамзат қоғамына тәуелсіз, дамудың ішкі логикасына ғана бағынатын объективті білім ретінде қарастырады. Ол мәдениетте ұйымдасқан тұтас жүйедегідей 3 қосалқы жүйені белгілеп көрсетеді:

— біріншісі (технологиялық) адамның табиғатпен өзара қатынасын, оның техникалық құралдары мен еңбек құралдарын, тұрғын үй типтерін және т.б. қолдануын сипаттайды;

— екіншісі (ресми) қоғамдық қатынастар мен оларға сай мінез-құлық типтерінен, туыстық жүйелерден, экономикалық, саяси, әскери, эстетикалық және т.б. қатынастардан тұрады;

— үшіншісі (идеологиялық) идеялардан, сенімнен, дәстүрден, әртүрлі білім түрлерінен құралады;

Қазіргі уақытта 500-ден астам анықтама бар. Зерттеушілер жүзден астам негізгі анықтамаларды талдап, оларды былай топтастырды;

— суреттейтін анықтамалар, олар өзінің негізінде Э.Тайлордың мәдени антропологиясының негізін салушы тұжырымдамасынан шыққан. Мұндай анықтамалардың мәні мынандай: мәдениет – бұл қызметтің, сенімдердің барлық түрлерінің жиынтығы, оған адамның жасаған барлық нәрселері (кітаптар, картиналар және т.б.), табиғатқа және қоғамға бейімдеу жолдарын білу, тіл, дәстүр, этикет жүйесі, этика, дін кіреді;

— тарихи, қазіргі кезеңге адамзат дамуының бұрынғы кезеңдерінен жеткен дәстүрлер мен әлеуметтік мұраның ролін айқындайды, яғни мәдениет тарихи даму нәтижесі болып табылады және барлық жасандыдан, адам қолынан шыққан заттан және ұрпақтан ұрпаққа мұраға қалдыратын құралдан, символдан, ұйымнан, жалпы қызметтен, көзқарастардан, сенімнен құралады;

— нормативті, яғни қабылданған ережелер мен нормалардың мәніне көңіл бөлетін. Мәдениет – бұл әлеуметтік ортамен анықталатын, индивидтің өмір салты.

— құндылықтар: Мәдениет – бұл адамдар тобының материалдық және әлеуметтік құндылықтары, олардың институттары, әдет–ғұрыптары, мінез-құлық реакциялары,

— психологиялық, адамның нақты проблемаларды психологиялық деңгейде қалай шешетіндігінен шығады. Мәдениет – адамдардың табиғи орта мен экологиялық қажеттіліктерге ерекше бейімделудің барлық нәтижелерінен жинақталады,

— әлеуметтік – педагогикалық: мәдениет бұл адамның биологиялық мұра (генетикалық) ретінде алатын емес, үйренетін мінез–құлығы (әлеуметтендіру процесінде ие болады);

— құрылымдық, ұйымдастыру немесе модельдеу моменттерінің маңыздылығын белгілеп көрсетеді. Мәдениет – алуан түрде өзара байланысқан нақты белгілер жүйесі, Адамның негізгі қажеттіліктерінің маңына ұйымдастырылған, мәдениеттің материалдық және материалдық емес белгілі мәдениет ядросы (моделі) болатын әлеуметтік институттарды құрады;

— идеологиялық; мәдениет – бұл ерекше әрекеттердің көмегімен индивидтен индивидке ауысатын идеялар ағыны;

— символдық: мәдениет – бұл белгілер мен символдарды қолданудан тұратын немесе оған байланысты болатын, әртүрлі феномендер (материалдық заттар, әрекеттер, идеялар, сезімдер) ұйымы.

Жеке авторлардың еңбектерінде мәдениет әртүрлі көзқарас жағынан қарастырылады.

Көптеген ағартушы–философтар, мысалы, неміс ақыны және философы Ф. Шиллер мәдениетті ішкі, рухани байлығын сөз ете отырып, адамдағы адамшылық дәрежесі ретінде түсінген. Ф. Ницше мәдениетті халықтың өмір стилі ретінде анықтаған. Жоғарыда айтылған Л. Уайт оған дәстүрлер призмасынан қараған. Орыс философы Н. Бердяев үшін мәдениет “халықтың тірі тағдыры”, “адам мен адамзаттың заңды жолы”, “шығармашылық пен бостандықты жүзеге асыру ретінде” болған.

Басқа орыс ойшылы Н. Рерихтің тұжырымында “Мәдениет дегеніміз – қауымды құрметтеу”. Мәдениет адамға деген махаббат. Мәдениет – қауымның қаруы. Мәдениет – құтқару жолы. Мәдениет – бұл қозғалтқыш. Мәдениет – бұл жүрек.

Ресей философы В. Библер “пирамида тәрізді линза – мәдениет” туралы жазады, оның шыңы адам тағдырын өздігінен қалыптастыру мен өздігінен өзгертудің ұйымдасқан актісі ретінде адамдық мәннің өздігінен бүлінуі болып саналады.

Философ А. Лосевтің пікірі бойынша “мәдениет – бұл барлығын шекті талдап қорыту”. Басқа авторлар мәдениетті шығармашылық (А.Злобин), кез-келген қызметтің рухани өлшемі, немесе рухани өндіру (Б. Ерасов), халықтың өмір

салты, биологиялыққа ұқсас “элеуметтік мұра” ретінде түсінеді. Ол тіршілік әрекетінің адами тәсілі ретінде қарастырылады.

Әлемдік мәдениеттердің теориясы мен тарихы

Мәдениеттің тууы бір уақытта пайда болған зат емес. Ол пайда болу мен қалыптасудың ұзақ процесінен өтті және сондықтан дәл мерзімі жоқ. Алайда осы процестің хронологиялық шеңберлерін анықтауға болады. Егер қазіргі түрдегі адам – homo sapiens шамамен 40 мың жыл бұрын пайда болса, онда мәдениеттің бірінші элементтері одан ерте 150 мың жыл бұрын пайда болды. Бұл жағынан мәдениет адамнан үлкен. Бұл мерзімді одан әрі 400 мың жылға жылжытуға болады. Онда біздің бабаларымыз неандерталдықтар отты тауып пайдалана бастады. Мәдениет деп біз рухани құбылыстарды түсінетіндігімізден, ең дұрысы 150 мың жыл болып саналады, өйткені осы уақытқа рухани өмірдің басты көзі болып саналатын діннің бастапқы формаларының пайда болуы жатады. Осы орасан зор аралық – бір жарым мыңжылдықта мәдениеттің қалыптасу және эволюция процесі өтті.

Барлық мәдениеттер өзінің айрықша өзгешелігімен ерекшеленді және адамзаттың дамуына үлкен үлес қосты. Осы кезеңде философия, математика, астрономия, медицина және ғылыми білімнің басқа салалары пайда болып, табысты дамыған. Көркем шығармашылықтың көптеген облыстары – сәулет, мүсін, барельеф классикалық формаларға жетеді.

Жаңа заман адамын толық есейген деп санауға болады, алайда ол әрқашан салмақты, жауапты, парасатты бола бермейді.

Адамның пайда болу тарихы ерте заманнан басталады, оның көп бөлігі ежелгі заманға жатады. Ол мың жылдар бойы жалғасып келеді.

Адам пайдаланған ең ежелгі қарулар 2,5 млн. жыл бұрынғы заманға жатады. Адамдар қару жасаған материалдар бойынша археологтар ежелгі заман әлемінің тарихын үш ғасырға бөліп қарайды: тас, қола және темір. Тас ғасыры ежелгі тас ғасырына немесе палеолитке (шамамен 2,6 млн. бастап б.з. дейінгі 12 мың жылына дейін), орта тас ғасыры немесе мезолит (шамамен 12 мың жылдан б.з. дейінгі 7 мың жылға дейін), жаңа тас ғасыры немесе неолит (шамамен 7 жылдан б.з. дейінгі 4 мың жылға дейін), мыс-тас ғасыры немесе энеолит (шамамен 3 – б.з. дейінгі 2 мың жылдығының басы). Қола ғасыр – (шамамен 2 – б.з. дейінгі 1 мың жылдық), темір ғасыры (шамамен 1 мың жылдықтың ортасынан б.з. дейін).

Өз кезегінде палеолит үш кезеңге бөлінеді: төменгі, орта және жоғарғы немесе кейінгі. Жоғарғы палеолит - адамзат биологиялық көрінетін бірлікке қоса, мәдениет деп аталатын біріктіретін байланыстар деңгейіне ие болатын дәуір. Алғашқы қоғам мәдениетінің басты көне формасы қоғамдық сана формасы және қауымдық-рулық құрылыс идеологиясы ретінде болатын мифология болды. Адамға ерте заманнан бастап қоршаған әлемді тану қажет болды. Миф шығармашылығы - ежелгі қоғамға сай ежелгі адамның дүние мен өзін тану формасы, бұл – оның дүниені тәжірибелік-рухани игеру формасы. Мифология қиялда және қиялдың көмегімен табиғат күштерін игереді, бағындырады және түрлендіреді.

Адамның дүниені тануы неге осындай өзіндік және таң қаларлық миф шығармашылығы түрінде (грек тілінен аударғанда - әңгіме, аңыз) деген сұраққа жауапты ойлау ерекшеліктерінің мәдени-тарихи дамуының осындай деңгейінен іздеу қажет. Ежелгі адамның ойлауы синкретизммен, яғни бөлінбеуімен, қоршаған ортаны қабылдауда эмоционалды, аффектілі-моторлы реакцияның басым болуымен сипатталады. Мифологияда діннің, моральдың, өнер мен ғылымның алғашқы элементтері біріктірілген. Ежелгі адамның мифологиялық танымында қиял мен шындық қатар жүріп, қиял шын оқиға ретінде қабылданады.

Сонымен миф – адамның дүниемен ой жүзінде жақындасуына негізделген адамдық тұрмыс пен дүние тану тәсілі; адам мұнда психологиялық ойларды заттардың бастапқы қасиеттері ретінде қабылдайды және табиғат құбылыстарын қарастырып, әсерленеді. Осы сатыда ежелгі адамның барлық психикалық процестері мен қайғысының мүмкіндіктері архетип деп аталатын ұжымдық санасыз күйінде болды. Санаға ене отырып, алғашқы бейне мазмұнды сипаттамаға ие болады. Миф шығармашылығы процесі архетиптің бейнеге айналуы.

Мифология ежелгі адамның тірі қалуының жалғыз тәсілі оның қатаң табиғат құбылыстарымен жақындастығы сезімі екендігін көрсетеді. Мифологиялық жандар (Құдайлар, нимфалар, құбыжықтар) табиғи және әлеуметтік күштердің бейнесі болды, оларды мейірімдендіруге, дуалауға, ал кейде қорқытуға болады. Өмірде тірі қалу үшін адамның қуатты қамқоршысы болу керек, бұл қамқоршылар оның Құдайына айналады. Мұндай Құдайлар ролінде мифологиялық қиялда жанданған ең белгілі күштер мен құбылыстар болады. Әр тайпаның өз Құдайы, өзінің сыйынатын мифологиялық жандары пайда болады. Осыдан «пұтқа табынушылық» деген термин шыққан: әр ерекше тілге (тайпаға) сенудің өз жүйесі сай келеді.

Мифтің негізгі идеясы – қоршаған әлеммен мистикалық ортақтық және бірлік ежелгі мәдениет пен діннің барлық белгілерінде байқалады: тотемизмде, анимизмде, фетишизмде, магияда.

Өзін табиғатпен және оның нақты құбылыстарымен теңестіру тотемизмде –жануарларға табынуда байқалады (аз дәрежеде өсімдіктер мен табиғат күштеріне). Ру өзінің тотемінің атында болып, онымен қандас туыс екендігіне сенген.

Алғашқы дәуір үшін басқа тән сенімнің түрі фетишизм болған. Фетишизм деген кейбір жансыз заттардың ерекше қасиеттеріне сену, мысалы, үңгірлерге, тастарға, ағаштарға, нақты еңбек құралдарына, тұрмыстық заттарға, ал кейіннен арнайы жасалған діни заттарға.

Табиғаттың жандануымен анимизм – табиғат құбылыстарының себебі ретінде жан мен рухтың болатындығына сенім. Анимизм бойынша әр заттың жаны бар, ал кейбір ерекше заттар (рухтар, перілер) өз бетімен әрекет етеді.

Мифте адам ғана әлемге бағынышты ғана емес, әлем де адамға байланысты болады. Мистикалық ортақтық екі жақты сипатта болады, егер екі зат немесе екі мистикалық жан бір-бірімен байланысты болса, онда әрбірінің тағдыры

басқаның тағдырымен байланысты болады. Осының негізінде магия – адамның ерекше түрде адамдарға көмектесе немесе зиян келтіре отырып, нақты әрекеттер мен сөздер арқылы адамдарға, жануарларға, өсімдіктерге, тіпті табиғат құбылыстарына әсер ету қабілетіне сенімі.

Діннің ең ерте формалары фантастикалық түсініктердің – сенімнен, сонымен бірге шіркеу жорасын атқару – діни тәжірибе бастамасынан құралады. Сенімнің дамуымен және діннің қиындауымен жора – тарихи бірінші және қоғамда тәртіпті белгілеу мен сақтаудың ең тиімді формасын жасайды. Жора адамның тәртіпсіздікке (хаосқа) тәртіпті қарсы қоюдың бірінші әрекеті болып саналады. Жора құпиялықпен тығыз байланысты, оның пайда болу құпиялылығы қалыпты жұмыс істеуінің қажет шарты болып саналады. Құпияны білу, оны ашуға тырысу, жоралар құпиялылығы дін үшін үлкен қауіп туғызады. Мифология – адамның өзін-өзі көрсету құралы. Бұл адамның шығармашылық қабілеттерін көрсетудің ежелгі және мәңгі формасы.

Ежелгі Шығыс адамды ертедегі дүние аясынан алып шыққан ұлы мәдениеттер отаны болды. Ертедегі дүниеден шыға отырып, Шығыс адамның дүниеге қатынасының мифологиялық тәсілін жеңе алмады. Бірақ ежелгі шығыс мәдениеттерінің әлемі – бұл табиғат апаттарының ғана емес, озбыр мемлекет қуатының құдайдай көрінуі. Ежелгі шығыс мәдениетінің негізі адамның дербестігі мен еркіндігін мойындамайтын абсолютті бірлік идеалы болып табылады. Мемлекеттің бұл типі қатаң біріктіру қажеттілігінен туды, ол нақты табиғат жағдайларына жауап болды. Осы мемлекет – шығыс озбырлығы зор төрешілдік аппаратпен басқарылады, оның бірлігі қол астына қарайтын адамдардың өмірі мен өліміне абсолютті билік етуге ие билеушімен бейнеленеді. Мемлекеттің мұндай типі Ежелгі Шығыс елдері Египет, Месопотамия, Үнді, Қытайға тән.

Ежелгі Египет - әлемдік өркениеттің дамуына үлкен әсер еткен ежелгі мәдениеттердің бірі. Б.з. дейінгі 3000 жылы перғауын патшалар басқаратын ерте құл иеленуші, орталықтандырылған озбыр формадағы мемлекет пайда болды. Египеттің жоғарғы билігін құрған негізгі принциптер оның мызғымастығы мен ақылға сыйымсыздығы болды.

Ежелгі египеттіктер мәдениетінің маңызды қасиеті мәңгілікке ұмтылу болды, оның белгісі «өлген адамға табыну» сенімінің болуы, оған сәйкес өлім өмірдің аяқталғандығын білдірмейді және мәңгілік өмірлік күш – «ка» ұзарады, және де тек жерлеу жорасын толық сақтаған жағдайда. Өлген адамның денесін сақтау қамы мумиялар жасау өнеріне әкелді. Өлген адамдардың денелері бальзамдалып, пирамидаларға салынды. Пирамидалардың ішіндегі ең ескісі 5 мың жыл бұрын салынған Джосер перғауынның пирамидасы, ол аспанға көтеріліп бара жатқан саты тәрізді салынған. Алайда ең белгілісі және өлшемі бойынша едәуірі – Хеопс пирамидасы.

Діни табынуда перғауынды құдай деп тану басты орын алды. Ол күн құдайы Ра тәрізді болды. Осирис - өлім құдайы және жерасты әлемінің патшасы. Исида – Осиристің әйелі және қарындасы, құнарлылық пен аналар қамқоршысы. Маат – шындық пен тәртіптілік құдайы. Кейбір жануарлар, өсімдіктер, заттар құдайлар

болып саналды. Аменхотеп IV перғауын (Эхнатон) (б.з. дейінгі 1419-1400 ж.ж.) Атон құдайының атымен бір құдай ғана қалдыруды ойлады, бірақ бұған абыздар мен ақсүйектер қарсы тұрды.

Египет мәдениетінің маңызды құрама бөлігі иероглифтер – суретті символдық хат болды, онымен храмдар мен сарайлар алдындағы жоғары ескерткіш тастарды жазды, олар кейіннен буын жүйеліге айналды.

Б.з. дейінгі II мыңжылдықтың бейнелеу өнерінің жауһары Тутанхамон перғауынның әйелімен бақшадағы барельефі, Аменхотеп IV әйелі – Нефертитидің скульптуралық портреті, Аменхотеп III мүсіні болды. Ежелгі Египеттің бейнелеу өнеріне фигураларды жазық бейнелеу, статикалық, канондық шарттылық тән. Ерлердің денесі қызыл түспен, әйелдердің түсі қызғылт түспен, ал шаштары қара түспен, киімдері ақ түспен бейнеленген. Өнер мелшііп тұру сипатында болады.

Египеттің көркем әдебиетінің ең ерте ескерткіштері б.з. дейінгі II мыңжылдыққа жатады. Бұл – патшалар мен даналардың ұлдарына ақыл айтуы, ғажайыптар, сиқыршылар туралы көптеген ертегілер, повестер. Ежелгі Египет әдебиетінің ұзын сонар, дерексіз шығармаларының бірі – «Көңілі қалған адамның өз жанымен әңгімесі» («Беседа разочарованного со своей душой»). Ежелгі Египет өркениеті б.з. дейінгі XVI-XV ғ.ғ. Жаңа патшалық кезеңінде өркендеудің жоғары дәрежесіне жетті.

Б.з. дейінгі IV-III мыңжылдықта Қос өзен территориясы – Тигр және Ефрат өзендерінің аңғарында Египеттегі мәдениеттегідей жоғары мәдениет пайда болып, орнықты. Алайда мыңжылдықтар бойы бір ғана мемлекет – Ежелгі Египет қана болған Ніл аңғарынан ерекшелігі Қос өзенде (Месопотамияда) бір-бірін әр түрлі мемлекеттер ауыстырып отырды, оның ішінде Шумер, Аккад, Вавилония, Ассирия, Иран. Қос өзен тарихы мен мәдениеті Египеттегіге қарағанда динамикалы болды.

Қос өзеннің ежелгі мәдениеті – шумер-аккадтық. Шумерлер вавилон мәдениетінің рубасылары болды. Олар тарихта бірінші рет «Алтын ғасыр туралы» поэма шығарды, бірінші элегиялар жазды, бірінші кітапханалық каталог құрастырды, олар бірінші медициналық кітаптардың авторлары болды, егіншінің бірінші күнтізбесін жазды және т.б.

Бұл халыққа дүниедегі алғашқы жазу – шумер сына жазуы жатады, бұл белгілері сына тәрізді сызықшалар топтарынан тұратын белгілер жазуы, олар ылғалды сазға басылып жазылды.

Шумер-аккад өркениетінің мұрагері Вавилония болды. Б.з. дейінгі II мыңжылдық ортасында Хаммурапи патша кезінде (б.з. дейінгі 1792-1750 ж.ж. ережелері) Вавилон қаласы өз маңында Шумер мен Аккадтың барлық облыстарын біріктірді. Хаммурапи кезінде екі метрлік тас бағанаға сына жазумен жазылған белгілі заңдар жиынтығы пайда болды. Бұл заңдарда Қос өзеннің ежелгі тұрғындарының шаруашылық өмірі, тұрмысы, әдет-ғұрыптары мен дүниетанымы бейнеленді, олардың мүдделері нақты шындыққа көңіл аударып, маңындағы тайпалармен үнемі күресу қажеттігімен анықталды.

Қос өзеннің ежелгі тұрғындарының сенімінде су мен аспан шырақтарына табыну үлкен роль атқарды, ол астрономия мен математиканың тез дамуына әкелді. Осылай алты ондық жүйесі құрылды, ол қазіргі уақытқа дейін уақыт есептеуі – минутада, секундта бар. Вавилон астрономдары Күннің, Айдың айналуын және күн тұтылуының қайталануын бірінші болып есептеп шығарды. Вавилон ғалымдарының барлық ғылыми білімдері магиямен және балгерлікпен байланысты болды.

Вавилон абыздарының іліміне сәйкес адамдар Құдайларға қызмет ету үшін саздан жасалған. Құдайлар көп болған, ең бастылары мыналар: Шамаш – Күн құдайы, Син – Ай құдайы, Әйел құдай Иштар – махаббат құдайы, Нергал – өлім құдайы, Ирра – соғыс құдайы. Құдайлар патшаның қорғаушысы ретінде бейнеленеді, ол күшті патша билігіне бас иеді.

Қос өзеннің ежелгі тұрғындарының діни сенімдері олардың монументтік өнерінде бейнеленді. Қалаларда құдайларға арналған храмдар салынып, олардың жанында зиккурат – террасалармен қоршалған жоғары мұнара тұрғызылды, олар көлемі жағынан кертпеш кертпешпен азаяды, зиккураттың жоғарғы ярусы алтын күмбезмен аяқталады. Вавилон сәулетшілері Ежелгі Рим, одан кейін Орта ғасырлық Еуропаның құрылыс өнерінің негізі болып табылатын сәулет формаларын жасаушылар болды.

Вавилон мәдениетін, діни мен өнерін ассириялықтар пайдаланып, дамытты. Ассирия патшасы Ашшурбанипалдың (б.з. дейінгі VII ғ.) Ниневиядағы сарайының қирандыларынан ғалымдар үлкен кітапхана тапты, ол он мыңнан астам сына жазбалы мәтіндерден тұрады. Шумер әдебиетінің маңызды ескерткіші – Гильгамеш туралы аңыздар циклі.

VI ғасырда Вавилон мен Ассирияның орнына Иран империясы келді. Иран өнері зиялы және байсалды болды, онда ассириялықтардың өнеріне тән мейірімсіздік болған жоқ. Бірақ мәдениет сабақтастығы сақталады. Бейнелеу өнерінің маңызды элементі жануарларды – қанатты өгіздерді, арыстандарды, грифондарды бейнелеу болып қала берді.

Б.з. IV ғасырда Иранды Египет сияқты Александр Македонский жаулап алды және эллинистік мәдениет әсерінің сферасына кірді.

Б.з. III ғасырында әулет билеушісі Сасанидтер болады. Сасанидті Ирандағы мемлекеттік дін зороастризм (осы діннің негізін салушы Заратуштра есімімен, еуропа транскрипциясында Зороастра) болды. Зороастризмнің бастапқы ережелері отқа бас ию және жақсылыққа сену болды. Зороастризмнің қасиетті кітабы – «Авеста». Ежелгі ирандықтардың діни пұтқа табыну емес, олар жеке заттарға емес, жалпы затқа табынады.

Билік жүргізуші діннің ауысуы VII ғасырға жатады, онда Иранды арабтар жаулап алып, жаңа сенім – ислам діні тарады.

Ежелгі Қытай тұрғындары өзіндік материалдық және рухани мәдениет құрды. Олар өмірді құдай жаратқанына, дүниеде барлығы қозғалыста болып, екі қарама-қарсы космостық күштер – Жарық пен Түнек қақтығысқанда өзгеретіндігіне сенді. Осы кезеңде (б.з. дейінгі II мыңжылдық) қытайлықтарға табиғатқа табыну тән болды, олар тау, жер, өзен, күн, ай, жаңбыр, жел

рухтарына табынды. Сәл кейінірек патша билігіне бас иді. Патша аспанның ұлы болып саналды, яғни Құдайдың жердегі өкілі болып табылды. Қытайда ата-бабаларға табыну күшті болды. Ежелгі Қытай этносы типінің ерекшелігі рухани өмірде әлеуметтік этика мен әкімшілік практика басты роль атқарғандығы болды. Дұрыс пікірдегі қытай өмір мен өлім проблемалары туралы ойланған жоқ, о дүниедегі шатты өмір немесе қайғы-қасіреттен құтылу үшін емес, өмір үшін тіршілік етті. Дін емес, салттық этика дәстүрлі қытай мәдениетінің бейнесін қалыптастырды.

Басқару жүйесі мен қоғамдық салттық нормаларда іске асырылған рухани мәдениет типі дүниеге көзқарас жиынтығының жалпы ұтымды бөлігі болды, әлеуметтік және табиғи тәртіп бірлігі, тұрмыс толықтығы мен жеткіліктілігі, табиғи өзі жетілетін тәртіп ретінде табиғи тәртіпті мойындау негіз болды. Ақыл-парасат міндеті оны өзгерту және бұзу емес, жалпы Жолмен (Дао) жүру болып табылады. Бұл идея ұлы қытай данасы, мыңдаған жылдар өтсе де құнын жоймаған діни-мифологиялық жүйені жасаушы Конфуций еңбегінде көрсетілген (Кун-Фу-Цзы, б.з. дейінгі 551-479 ж.ж.). «Билеуші билеуші болады, бодан бодан болып қалады, әке - әке, ұл – ұл болады». Конфуций негізгі рақымшылдар адалдық, тыңдау, ата-ана мен үлкенді құрметтеу деп санады. Ата бабаға табыну, ежелгі дәстүрлерді, жораларды сақтау (қытай рәсімі) Конфуций бойынша – идеал қоғамды қалыптастыру негізі. Осы қоғамды құру үшін әрбір адам өзіне талап қойып, барлық ережелер мен канондарды сақтау керек. Сонымен конфуцийлік дін емес, моральдық-саяси доктрина болып табылады. Ол қытай мәдениетін бейнелеп, қытай тұрмыс салтының негізі бола отырып, әкімшілік жүйе мен әлеуметтік және экономикалық процестерді реттеу функциясын атқарады.

Даосизмді жасаушы Лао-Цзы – «Қарт дана» (аңыз бойынша ол 200 жыл өмір сүрген) болып саналады. Оның пікірінше барлығы әбігершілік. Даоның ізімен жүру керек (сөзбе-сөз аударғанда жол), адам Жердің ізімен жүреді, Жер Аспанның, Аспан Даоның, ал Дао табиғидың ізімен жүреді. Философиялық даосизм адам заттардың табиғи тәртібін өзгерте алмайды деп санайды, сондықтан адамның еншісі - оқиғалардың табиғи барысын сырттан бақылап, Даоға қол жеткізу. Даосизмді жақтаушылар белсенді әрекеттен бас тартуды насихаттап, «әрекетсіздік» теориясын ұсынады. Олар әлем адам сияқты тоқтаусыз өзгерістер процесі деп санады, сондықтан тану мүмкін емес. Басты шарты – жолды бұзбау, әлемдік ырғақпен қарама-қайшылыққа келмеу, дүниеге қосылу, оны тыңдай білу.

Қытайдың барлық діни жүйелерінің ортақтығы бар: барлығына үлкендер мен ата бабаларды құрметтеу, отбасыны тыңдау, «әрекетсіздік» идеясы, шындыққа сырттан қарау қатынасы тән болды. Адамның тұлға ретінде өзіндік құндылығы болған жоқ, қоғам «тұлға – мемлекеттік пен ұжымдық алдында ештеңе емес» деген принцип бойынша өмір сүрді.

Ежелгі Қытайдың рухани өмірі туралы қазіргі түсініктер жазба көздерге негізделген. Б.з. дейінгі XV ғасырда Қытайда 2000 аса иероглифтен тұратын иероглифтік жазудың дамыған жүйесі болды, б.з. III ғасырында олар 18 мыңға

жетті. Б.з. дейінгі I мыңжылдықтың басына жататын «Әндер кітабы» мен «Өзгерістер кітабы» әдебиеттің ежелгі ескерткіші болып саналады.

Қытайлар ұзақ уақыт жібекке табиғи бояулармен жазды, біздің заманымызда тушь пен қағазды ойлап тапты. Қолданбалы өнер де дамыды: қола айналарды жасау, нефрит пен сүйекке ою жасау, керамика, б.з. IV ғ. Қытайдан шет жерлерге де белгілі болған фарфор ойлап шығарылды, алуан лакты бұйымдар пайда болды.

Қытай сәулеті қызықты да ерекше. Ел біртұтас орталықтандырылған мемлекетке біріккен уақыт (б.з. дейінгі 221-207 ж.ж.) Ұлы қытай қабырғасының негізгі бөлігін салумен есте қалды, ол біздің заманымызға дейін жартылай сақталып қалды.

Сәулеттегі табыстарға математиканың дамуы себепкер болды. Б.з. дейінгі V ғасырда қытайлықтар тікбұрышты үшбұрыштың қасиеттерін білді. Олар тарихта бірінші рет теріс сандар ұғымын енгізді, б.з. дейінгі III ғасырда магнитті аспап, компостың алғашқы түрін, су диірменін ойлап тапты, астрономия дамыды. Олар жылды 12 айға, айды 4 аптаға бөлді. Б.з. дейінгі V ғ. 800 шыраққа жұлдыздар гороскопы жасалды, олар аспан күмбезін 28 шоқжұлдызға бөлді. Б.з. дейінгі 28 жылы қытайлықтар адамзат тарихында бірінші рет күндегі дақтарды суреттеп берді, астроном Чжан Хэн әлемдегі алғашқы айналатын жұлдыз глобусын жасады.

Медицина едәуір табысқа жетті. Б.з. дейінгі II мыңжылдықта қытайлықтарға екі ондық музыкалық аспаптар белгілі болды: барабан, дабыл, сыбызғы, металл қоңыраулар, ішекті шертпелі аспаптар, үрмелі – бамбуктен, балшықтан жасалған және басқалар. Б.з. дейінгі бірінші мыңжылдықта арнайы сарай маңындағы музыкалық қызмет құрылады, сонымен мәдениеттің барлық сфералары реттеуге бағынып, мемлекеттің билігінде болды.

Ежелгі Үндістан – адамзат өркениетінің жоғары деңгейдегі мәдениетінің ежелгі ошақтарының бірі.

Үнді мәдениеті мен ғылымы б.з. дейінгі IV –III ғ.ғ. – б.з. VIII ғ. өркендеді. Осы кезеңде есептеудің ондық жүйесі, цифрлерді жазу түрі (кейінірек өзгертілген түрде араб цифрі деп аталған) жасалды. Квадрат және куб түбірлерді шығару, “р” санын есептеу (3.1416...), арифметикалық және геометриялық прогрессиялар, тригонометрия мен алгебра негіздері белгілі болған. Астрономдар жылды 12 айға бөлген, әр айда 30 күннен болған, жылдар 6 маусымға бөлінді. Әр бес жыл сайын 13-інші ай қосылып отырды. Жер шарының әр алуан ендіктерінде күн мен түн ұзақтығының айырмашылығы белгілі болды. Ежелгі үнді астрономдары Жердің шар тәрізді екендігін білді, оның өз осінің бойымен айналатындығын болжады. Химияны білу қышқылдар, бояулар, дәрілер, иіс су, цемент, тұздар жасауға, металдарды білу сынаптан күрделі аппараттар дайындауға мүмкіндік берді.

Б.з. дейінгі II мыңжылдықтың аяғы - I мыңжылдықтың басынан бізге ежелгі үнді діни әдебиеті – Веда ескерткіштері жеткен. Шамамен б.з. дейінгі 800 жылы пайда болған упанишадтар индоарийцтердің діни түсініктерінің дамуында келесі қадам болып табылады. Эпикалық әдебиеттің негізгі ескерткіштері

“Махабхарата” мен “Рамаяна” болды, олар б.з. бірінші ғасырларында санскритте жазылған, бірақ олар б.з. дейінгі IV ғасырда пайда болған.

Үндістанның ежелгі тарихының көптеген құпиясы ашылмаған. Алайда б.з. дейінгі II мыңжылдықта шыққан ескі әдебиет көздерінде құл иелену қатынастарының дамуы туралы айтылады. Үндістанның б.з. дейінгі VI ғасырдағы қоғамдық-мемлекеттік құрылысын бейнелейтін «Ману заңдарында» қоғамдық еңбек бөлінісі, билеу мен бағынышты болу қатынастары жазылған.

Әлеуметтік шығу тегімен және сипатымен ескерілген ежелгі үнді қоғамын қатты дифференциация тұйық қоғамдық топтарды қалыптастырумен аяқталды: сословиелер бойынша – варналар (брахмандар, кшатрийлер, вайшьилер, шудралар), кәсіптік қызметі бойынша – касталар (олар 3,5 мың). Брахмандар атақты абыздар руының өкілдері болды, олар құдайлармен байланыс жасап, мемлекетті басқарды. Кшатрийлер деп әскери ақсүйектердің өкілдерін атаған. Қос варна қоғамның пұрсатты тобын құрады. Еңбекші халық вайшьилер мен шудралар варнасына кірді. Вайшьилер шаруашылық қызметпен шұғылданды: егіншілікпен, қолөнермен, саудамен. Шудралардың үлесі – басқа касталардың мүшелеріне қалтықсыз қызмет ету. Олар құқықсыз болды және жеке меншігі болған жоқ.

Дін қоғамдық теңсіздікті ақтау үшін пайдаланылды. Құдайлар иерархиясы қаланды. Олардың ішінде жоғарғылары – Брахма (Ғаламды жасаушы), Вишну (оны сақтаушы), Шива (оны бұзушы).

Б.з. дейінгі VI ғ. дамыған құл иеленуші қоғамның идеологиясы буддизм болады. Оның негізін қалаушы – Будда б.з. дейінгі 563 ж. туды. Ол Шакья-Муни патша руынан шыққан ханзада болды, оның шын аты – Сиддхартха Гаутама. Гаутама өз ілімінің мәнін төрт игілікті шындықта айтқан. 1. Өмір мәні қайғы-қасірет көру. 2. Қайғы-қасірет көру себебі, көзі - өмір сүруді көксеу: ләззат алуды, билік жүргізуді көксеу, тілек тілеу, құштарлық. 3. Қайғы-қасіреттен құтылу үшін тілек пен құштарлықты түп тамырымен жұлып алып, одан құтылу керек. 4. Ол үшін алдымен көзін ашатын, одан соң нирванаға әкелетін сегіз сатыдан тұратын өзін-өзі қайта құру жолы бар. Нирвана – бұл ішкі күй, онда барлық сезім мен құштарлық жоғалып, онымен бірге адамға ашылатын әлем есігі де жабылады. «Нирвана» сөзі «сөну», «өшу» деген мағынаны береді. Іштен сөну адамды қайғы-қасірет шегуші «меннен» және барлық тірі жандарды жаңа өзгерістерге тартатын өмірге құштарлықтан босатады. Сонымен карма билігі үзіліп, данышпан абсолютті тыныштықтың шат-шадыман бос кеңістігінде соңына дейін жоғалып кетеді. Көзін ашу - өмірмен кез-келген байланысты толық үзетін соңғы нирвананың бастауы. Түсінбеген бақылаушы үшін нирванаға жету болмыстың жоқтығы, өлім ретінде (шат-шадыман өлім болса да) қабылданады. Алайда нирванаға кірушінің көзқарасы жағынан – бұл күйде өмір мен өлім, «мен» және «мен еместін», жақсылық пен зұлымдықтың арасында айырмашылық жоқ, тек осындай ішкі көзқарас қана буддист үшін мәні бар.

Буддизмнің универсальдығы мен иілімділігі оның әлемге алуан бағыттарда тарауына мүмкіндік берді (ламаизм, дзен-буддизм, тантризм және т.б.).

Буддизмнің Батыста ізбасарлары аз емес: кейде адамдар бөтен мәдениет жолдарында өзінің рухани проблемаларын жеңіл шешуге болады деген үмітте болады.

Қазақ мәдениетінің териясы мен тарихы

Қазақстан – бай тарихы мен мәдениеті бар ғажайып ел. Еуразияның орталығында орналасқан Қазақстан Шығыс пен Батыс мәдениеттерінің арасындағы мәдени шегіртке болып табылады. Бүгін біз әлемдегі ең бай және алуан түрлі мәдениеттердің бірі – Қазақстан мәдениеті туралы айтатын боламыз.

Қазақстан мәдениетінің тарихи тамыры ғасырлар бойына жатыр. Қазіргі Қазақстан аумағы көптеген империялар мен мемлекеттердің, соның ішінде Ұлы Хорезм мемлекетінің, Алтын Орданың және Қазақ хандығының мекені болды. Осы империялар мен мемлекеттердің әрқайсысы Қазақстан мәдениетіне өзінің ізін қалдырып, оны соншалықты бай және алуан түрлі етіп жасады.

Қазақстан мәдениетінің негізгі элементтерінің бірі – ұлттық киім. Қазақтың дәстүрлі киімі былғары күрте, кең шалбар және биік етікпен тұрады. Сонымен қатар, «сәукелес» атанған әйелдердің ұлттық киімі де өте танымал және бүкіл әлемге танымал. Бұл киімдер Қазақстанның ұлттық мақтанышы мен салт-дәстүрін көрсетеді.

Қазақстанда ұлттық мәдениетпен тығыз байланысты ұлттық мерекелер мен дәстүрлер өте көп. Осындай мерекелердің бірі – Наурыз – Қазақстандағы ең көне және ең танымал мерекелердің бірі. Бұл мереке көктемде тойланады және жаңа жылдың басталуымен және көктемнің басталуымен байланысты. Наурыз мейрамында халық би билейді, әншілер ән айтып, ұлттық тағамдар әзірлейді.

Сонымен қатар, Қазақстан – кілем тоқу, кесте тігу, керамика, тоқыма өнері сияқты халықтық қолөнер көп дамыған ел. Қазақ кілемдері мен басқа да тоқыма бұйымдары әлемге әйгілі. Бұл бұйымдар дүние жүзіндегі үйлер мен мұражайларға сән беріп, Қазақстанның дәстүрлі мәдениетінің символы болып табылады.

Қазақстан мәдениетінде музыканың да алатын орны зор. Қазақтың халық музыкалық аспаптарына домбыра, қобыз, сазсырнай, сылтықсын, бақсаулық жатады. Бұл аспаптардың көпшілігінің тарихи маңызы терең және Қазақстан мәдениетінде әлі де маңызды рөл атқарып келеді. Сонымен қатар, қазақтың дәстүрлі әндері «Көшпенділер», «Ақ қуырған» әндері де әлемге танымал және сүйіспеншілікке толы.

Қорытындылай келе, Қазақстанның мәдениеті — бұл таңғажайып елдің тарихымен және дәстүрімен тығыз байланысты бай және алуан түрлі мұра. Көптеген ғасырлар бойы Қазақстанның мәдениеті Қазақстанның салт-дәстүрінде, музыкасында, халықтық қолөнерінде және тағамдарында із қалдырған көптеген империялар мен мемлекеттердің ықпалымен дамыды. Бүгінгі таңда Қазақстан мәдениеті одан әрі дамып, әлемдік мәдениетте өз ізін қалдырып, оны бай және жан-жақты етуде.

Тақырып 2. Театр. Әдебиет. Бейнелеу өнері. Мүсін

Сұрақтар:

1. Театр тарихы және қалыптасу кезеңдері.
2. Әдебиет үлгілерінің түрлері.
3. Бейнелеу өнері. Мүсін.

Театр тарихы және қалыптасу кезеңдері.

Дүниежүзілік театр күні 27 наурызда аталады. Суретші, сценарист, режиссер, жарық қоюшы бір сөзбен айтқанда театр өміріне қатысы бар кез келген адам бұл мерекені маңызды әрі мәнді деп санайды.

«Бүкіл әлем – театр, ал ондағы адамдар– актер», - деп У.Шекспир айтқан болатын. Бұл өмірде әрқайсымыз белгілі бір рөл ойнаймыз. Сондықтан да Театр күні – бұл жаһандық ғана емес, ұлттық және діни шекараны білмейтін жалпыға ортақ мереке.

Театр ойын-сауықтың ең көне түрі саналады. «Театр» сөзі ежелгі гректің theatron (θέατρον) сөзінен шыққан, «олар қарайтын орын» дегенді білдіреді. Дәстүр бойынша театрда ең танымал екі жанр – комедия және трагедия ойналады, олардың символы театр маскасы саналды.

Театр туралы алғашқы жазба біздің дәуірімізге дейінгі 497 жылға жатады. Дәл осы жылы, жазба деректерге қарағанда, Грекияда Дионис құдайына арналған мереке алғаш рет өткізілген. Оны өткізу үшін ағаштан сахналар салынып, онда ақындар, күйшілер мен әншілер көрермендер алдында өнер көрсеткен. Бірнеше жылдан кейін ағаш сахналардың орнына көп деңгейлі көрермендер орындықтарымен қоршалған дөңгелек ареналар пайда болды. Шын мәнінде, мұндай құрылымның дизайны сыртқы түрі бойынша заманауи циркке өте ұқсайды. Афина театрының тарихы аз ғана көрермендер үшін әуесқойлық қойылым ретінде басталды деп айта аламыз. Бастапқыда тек трагедиялар қойылса, кейін комедиялар көрсетіле бастады. Бір қызығы, пьесалар, әдетте, бір рет қана көрсетілді. Бұл авторларды өзекті, қызықты шығармалар жасауға ынталандырды. Драматург пьеса жазып қана қойған жоқ, ол спектакльдің толыққанды қатысушысы болды, режиссер, композитор, балетмейстер, тіпті актер рөлдерін сомдады. Бірақ хорея (хор жетекшісі) болу үшін үлкен талант қажет емес еді. Оларға тек ақша мен мемлекеттік қызметкерлермен байланыс қажет болды. Хорегтің негізгі міндеті – есептерді төлеу, толық қаржылық қолдау көрсету және театрды қолдау болды. Ол заманда бәйге болатын, хоре де, ақын да, бас кейіпкер де жеңген. Жеңімпаздарға шырмауық тағылып, сыйлықтар табыс етілді. Жеңіс қазылар алқасының шешімімен оларға берілді.

Грек театрында шатыр жоқ, көрермендер мен актерлер, шын мәнінде, көшеде жиналды. Ежелгі театрлардың көлемі өте үлкен, олар 17 мыңнан 44 мың адамға

дейін сиятын. Алдымен көрермендерді отырғызу үшін ағаш платформалар пайдаланылды, содан кейін театр үшін табиғи тастан жасалған орындықтар салынды. 55 жылдары Римде алғашқы тас театры салынды, оның сахнасында әртістер өнер көрсетті, өлеңдер айтып, шағын пьесаларды, ежелгі грек аңыздары мен аңыздарын қойды.

Ал кейбір деректерде алғашқы театр қойылымы біздің заманымызға дейінгі 2500 жылдары қойылғанын жазады. Алғашқы театрландырылған ойын Египетте өтті, сюжеті Египет мифологиясының бейнесі – Осирис құдайының хикаясы. Бұл театр мен дін арасындағы ұзақ және берік байланыстың бастауы болды.

Ол кезде қойылымды бай адамдар ғана тамашалай алатын. Әртістердің рөлге үйренгені сонша, сахнада өлуге дайын еді. Бастапқыда тек трагедиялар қойылса, кейін комедиялық қойылымдар сахнаға шыға бастады. Спектакль бір рет көрсетілді. Драматург тек автор мен режиссер ғана емес, сонымен бірге оқиғаның тікелей қатысушысы болатын.

Ежелгі театрдың кейбір терминдері:

Ежелгі театрларда қолданылған көптеген анықтамалар бүгінге дейін сақталған.

- Оркестр – драмалық және лирикалық хорларды орындауға арналған екі кіреберісі бар дөңгелек театрдың бөлігі. Афина театрында оның диаметрі 24 метрді құрады;
- Скене – киім ауыстыратын орын. Бұл бастапқыда қарапайым шатыр болды, содан кейін фон сияқты сахналық безендіру бөліктеріне қосылды;
- Просцениум – скененің алдындағы колоннада;
- Параскений - бүйірлік тастан жасалған қосалқы құрылыстар;
- Эстрада – оркестрдің үстіндегі төбе, мұнда актерлар сонау ежелгі дәуірден бастап ән ойнаған;
- Эккиклема - сахнаны түрлендіруге және актерлерді сахнада жылжытуға мүмкіндік беретін ағаштан жасалған жылжымалы платформа;
- Котурный – табаны биік аяқ киім, тіректі еске түсіреді. Мұндай аяқ киім әртістерді ұзын, әсерлі және мифтік жаратылыстарға ұқсас етіп көрсетеді. Бір қызығы, «Finita la commedia» деген сөз алғаш рет Римде айтылған.

Қазақ театрының тарихы

- XIX ғасырдың 2-жартысында Орал (1859), Орынбор (1869) және Омбы (1875) қалаларында орыс театрлары құрылды;
 - 1890 жылы Семейде «Музыкалық-драмалық өнерді сүйошілер қоғамы» құрылды;
 - 1905-1907 жылдары Қызылжарда (Петропавл), Оралда, Орынборда, Семейде татарлардың саяхатшы труппалары өнер көрсетті;
 - 1910 жылдан бастап қазақ көркемөнерпаздар үйірмесі қалыптаса бастады;
 - 1918 жылы Алматы (бұрынғы Верный), Семей, Петропавл және басқа қалаларда бірқатар орыс драма театрлары ашылды.
- Ұлттың мәдениет тарихындағы маңызды оқиға 1926 жылы Қызылордада Қазақ драма театрының ашылуы болды.

Театрдың ресми ашылуы 1926 жылы 13 қаңтарда үлкен концертпен және «Еңлік-Кебек» пьесасының үшінші актісін қоюмен өтті. Спектакль қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовтің екі ғашықтың қайғылы тағдыры туралы халық арасында сақталған аңыз негізінде жасалған шығарма бойынша сахналанды. Оның таңдалуы да кездейсоқ емес. Алғаш рет 1917 жылы Абай Құнанбаевтың туған ауылында Абайдың немересінің ұзату тойында қойылып, режиссері М.Әуезовтің өзі болған. Ондағы рөлдерді Абайдың немерелері мен пьеса авторының жақын туыстары сомдады. Жүз жылдан астам уақыт бұрын жазылған пьеса бүгінде сахнадан кетпей, көптеген танымал театр ұжымдарының репертуарына енген.

Қызылордада ашылған алғашқы кәсіби театр бұрынғы Ленин мен Мальков көшелерінің қиылысындағы Кино үйінде орналасқан. Оның аудиториясы 320 орынға есептелген.

«Қазақ театры қандай болуы керек? Оның репертуарлық саясаты қандай тұжырымдамаға бағынуы керек?» деген мәселелер төңірегінде сол кездегі қоғам қайраткерлері өз пікірлерін білдірді. 1925 жылы қазанда С.Сәдуақасовтың «Ұлттық театр» атты кітабы жарық көрді, онда республикадағы театр өнерінің даму жолдары, театрдың қоғам өміріндегі орны мен рөлі айқындалды.

Келесі жылы «Еңбекші қазақ» газетінде Мұхтар Әуезовтің «Жалпы театр өнері» атты мақаласы жарияланып, автор театр өнерінің дамуының екі жолын атап көрсетті. Бірінші жол – ауыл тұрғындарына бағытталған және ұлттық дәстүрге негізделген жылжымалы театрлар. Олардың репертуарында ұлттық ойындар, айтыс сияқты халық өнерінің туындылары, сатиралық жанрдағы шығармалар болып, ауыл жұртшылығына түсінікті және жақын болуы керек деп есептелді. Екінші жолда қазақ қоғамының өмірін көрсететін қалалық театрлар дамуы керек болды.

Қызылордада ашылған театр 1928 жылы Алматыға көшіп келді. Қазіргі уақытта Қазақстанда 35 театр, оның ішінде 7 қазақ драма театры, 3 қазақ музыкалық драма театры, 2 жастар театры, 14 орыс драма театры, неміс драма театры, 3 музыкалық комедия театры, 5 қуыршақ театры көрермендерге қызмет етеді.

Әдебиет үлгілерінің түрлері.

Әдебиет теориясы — *әдебиеттану* ғылымының сөз өнерінің табиғатын, оның әдістері мен методологиясын, әдеби процесс, рухани-эстетикалық құндылықтар заңдылықтару зерттейтін саласы. **Әдебиет теориясы** көркем әдебиетті барлық қырынан жан-жақты ашып көрсетудің құралы болып табылады. Әлемдік әдебиеттану ғылымында қалыптасқан дәстүр бойынша **әдебиет теориясы** зерттеу объектісіне байланысты төрт топқа бөлінеді. Бірінші топтың зерттеу объектілеріне әдебиеттің адамзат қоғамы өміріндегі рөлі, жалпы өнер, мәдениет жүйесіндегі орны, әдеби шығармашылықтың тұтас болмысы, суреткер дүниетанымының эстетик. қуаты, оның даралық талғамының шығармашылық ортақ заңдылықтармен үндесуі, әдеби шығармашылыққа бүтіндей баға беру принциптері жатса, екіншісі әдебиеттің тарихи дамуы, жанрларының, тек пен түрінің ортақ заңдылықтарының қалыптасуы және әдеби

процес (ағым, бағыт, кезең, дәуір, әдеби байланыс), көркем шығарманы талдау, қабылдау заңдылықтарын қамтиды. Қазақ ғалымдарынан әдебиет теориясы жөнінде ең алғаш құнды пікірлер айтқан Ш. Уәлиханов болды. Ол қазақ халық поэзиясының жанрлық түрлерін (жыр, жоқтау өлеңі, қайым өлең, қара өлең, өлең т.б.) жүйелеп берді. А. Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқышы” (1926, 1989, 1991) осы саладағы іргелі ғылыми еңбек. Алайда бұл құнды мұра алпыс жылдан астам ғылыми айналымнан тыс қалып келді. “Әдебиет танытқыш” — қазақ ұлттық әдебиеттануының негізі

Жалпы өз пәнінің даму сапасына (көркемдік, эстетик., стильдік т.б.) қарай әдебиет теориясы үнемі өзгеріп отырады; көркем әдебиеттің жетістіктері негізінде жаңа бағыттар қалыптасады. 20 ғ-дың 30-жылдары қазақ ғалымдарының бұл салада жаңа туындылары жарық көрді. Қ. Жұмалиевтің “Әдебиет теориясы” (1938, 1964, 1969) атты еңбегі негізінен орта мектептер мен жоғары оқу орнына арналды. Сондай-ақ, Е. Ысмайыловтың “Әдебиет теориясының мәселелері” (1940) атты орта мектепке арналған оқулығы жазылды. 1970 ж. З. Қабдоловтың “Әдебиет теориясының негіздері” атты еңбегі жарық көрді. З. Ахметовтың

“Қазақ өлеңінің құрылысы” (1970), “Өлең сөздің теориясы” (1973) атты еңбектері — осы салада соны пайымдауларымен көрінген құнды зерттеулер.

Әдеби тіліміздің суреттеу тәсілдерін және көркемдегіш құралдарын, сөз байлығын, олардың қыр-сырын білу— сол әдеби тілде сауатты сөйлей де, жаза да білу; әдеби тіл нормаларынан ауытқымау; оны көздің қарашығындай сақтау.

Әдебиеттің теориясының көркемдегіш құралдары

Әдебиетте көбінесе суреттеу тәсілдері қолданылады. Суреттеу тәсілдеріне мінездеу, портрет, бейнелеу, пейзаж жатады. Суреттеуде көріністі, бет-әлпетті, қимыл-әрекетті, әдетті нақтырақ көз алдымызға келтіре отырып сөзбен баяндайды. Суреттеу әсерлі болса, шығарма да тартымды болады.

Портрет - адамның түр-сипатын киген киімі, қылығымен бірге суреттеу.

Көркем сөздің шебері Әбіш Кекілбаевтың «Аш бөрі» әңгімесінен жазушы жасаған портретті алайық:

«Кезінде келбетсіз болмаған ақсұр шал. Көк бурыл қабағы, селдір мұрт, ұзынша сұйқылт сақалы бет алдын буалдырландырып жіберген. Көзінің алдындағы бірер қыртысы болмаса, жүзін әжім алып жарымапты. Ылғи назарын тіктемей, бейтарап қарайтын қоңырқай көзі ештеңе аңғартпайды. Аңда-санда өзінен-өзі бір мырс етіп қояды».

Пейзаж - табиғатты суреттеу.

Кей шығармаларда табиғат кейіпкерлердің қуаныш-қайғысымен байланысты суреттеледі.

Әбдіжамал Нүрпейісовтың “Қан мен тер” трилогиясының бірінші кітабының “Ымырт” деп аталуы жайдан-жай емес. Билеуші таптардың уысынан шыға алмай, құрдымға кеткелі тұрған балықшының ауыр тағдыры батып келе жатқан ымыртпен қатар суреттеледі. Осы бөлімдегі қоңыр күздің суық бейнесі де балықшылардың өмірімен біртұтас беріледі.

«Кешкі ымырт тез тұтасып, төңірек тұнжырай бастады. Еламан ертең болмаса, ауды бүгін басқа жерге аударып салуға үлгере алмасын білді. Шынында, бұл кезде батып бара жатқан күн алыстағы жалдың біріне иек сүйеп, еңкейіп қалған еді. Құбыла бет тұтас қызарып, жел жыртып дода-додасы шыққан бұлт батар күннің шапағатына бауырын бояп алаулап атты. «Апырай»...деп Еламан құбыла беттен көз алмай, ұзақ қарады. Кезегі келгенде күн басына да зауал төніп, бар әлем тіл тартпай, түн құшағына кіріп бара жатқандай...

...Бар әлем бүркеу. Суық жел ызғырып, төңірек шаңытып тұр. Қабағын түйген қытымыр күннен қыстың таяу тұрған қаһары сезіледі. Еламан күн мінезін жақтырмай, жүрегі мұздап тұр еді, қасына қауқылдап сөйлесіп бір топ кісі келді.»

Композиция. Оқиғаның басталуы, өрбуі, аяқталуы-барлығы біртұтас композицияны құрайды. Тек табиғат немесе адамның көңіл-күйі суреттелсе, бұл да композиция болады. Айталық, Мұхтар Әуезовтің “Көксерек” әңгімесіндегі оқиға былайша өрбиді: Әкесі алдымен қасқырдың інінен қасқырдың бөлтірігін ұстап үйіне әкеледі. Оны Құрмаш асырайды. Әжесі қанша сақтық қылса да, құлақ аспайды, қайта түнде қасына алып жатады. Әуелі Көксерек ауыл иттерінен ығып жүреді. Кейін үйіріне қосылып кетеді. Ауыл малына ауыз сала жүріп, бір күні Құрмашқа тап береді. Құрмаш ақырында өзі кішкене кезден баққан жыртқыштың жемтігі болады. Оқиға соңы Аққасқа ит пен аңшылардың Көксеректі өлтіруімен тынады. Міне, бұл - “Көксерек” әңгімесінің композициясы.

Баяндау - жазушының болған, естіген, ойластырған оқиғаны өз шығармасымен жеткізуі. М.Әуезов “Көксерек” әңгімесін баяндап жазды. Әр жазушы шығармасын баяндап жеткізеді.

Сюжет - адамдардың әрекетінен, қарым-қатынасынан туындайтын оқиғалар бөлшегі. Композицияның әр элементі сюжет болып есептеледі. “Балықшы мен балық” ертегісіндегі кемпірдің патша боп үлде мен бұлдеге оранып отыруы, сөйтіп жан-жағына қаһарлана әмір беруі – бір сюжет. Балықшының алтын балыққа барып, тілек тілеп, кемпірінің теңіз патшасы болғысы келгендігін баяндауы, одан балықтың теңіз түбіне сүңгіп жоқ болуы-бір сюжет.

Экспозиция - оқиғалы шығарма басталмас бұрын сол оқиғаның тууына қандай себептер болғаны туралы алдын-ала түсінік берілуі, яғни әңгіменің басталуы. М.Әуезов «Еңлік –Кебек» пьесасында қайғылы оқиғаны алдын-ала сездіріп, абыздың аузына сөз салады.

«... Кәрі көңіл ол бір зәр, күні еңкейіп, көлеңке басқан бейуақтай. Самал желді мұздай, көк майсаны сыздай етті. Ызғар сезген бойым бар. Панасыз ел баладай... Аспанда қара бұлт ақ бұлтпен шарпысып, телегей ойнап дауылдатып ол келеді. Соны білмей бұл бала тас ошақтың басында от шашып ойнайды, шашып ойнайды. Қамыққан қамқор қаны... Бағлан қаны.»

Еңлік пен Кебек оқиға соңында үстем таптардың құрбаны болып, қанға батады. Абыз соны меңзеп отыр.

Эпиграф - қаламгерлердің жазылған шығармалардың мазмұны мен идеясына қарай алдына келтірген нақыл сөздері не өлең жолдары. Әзілхан Нұршайықов

«Махаббат, қызық мол жылдар» кітабына эпиграф ретінде А.Құнанбаевтың «Махаббат, қызық мол жылдар» өлеңінің бір шумағын алып жазады.

Қайда екен, шіркін, сол жылдар,

Махаббат, қызық мол жылдар?

Ақырын-ақырын жылыстап,

Алыстап кетті-ау құрғырлар!

Егер батырлық туралы жазылған шығарма болса, «Батыр туса, ел ырысы, Жаңбыр жауса, жер ырысы» деген мақалды эпиграф ретінде алуға болады.

Эпизод - шығарма сюжетіндегі жеке оқиғалар.

«Есін жиып, көзін ашқанда көргені ұлын құшақтап, ботадай боздаған әйелі мен қолын айқастыра телміріп тұрған ақ халатты дәрігер жігіт. Дәрігер жігіт бұған жымып қарап, алғаш сұрағаны: Қай жеріңіз ауырады? – деген сөз болды.

- Екі аяғымның басы сыздап шыдатпай жатыр, - деді Аспан. Хирург жігіт ұлын құшақтап отырған әйелге жалт қарады.

- Жүз жасайсыз,- деді де тез-тез басып шыға жөнелді. Әйелі солқылдап жылауын одан әрі үдете түсті. Жанындағы он жасар ұлы кәперсіз, беті қабартып, үсіктің таңбалары мүлдем өзгертіп жіберген әкесін танымай қалды ма, үрке қарайды.»

Монолог екіге бөлінеді.

Ішкі монолог - кейіпкердің іштей өз-өзімен сөйлесуі. Айталық, Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романында Итбай Тұрлығұлдың адамдары қызын айттыруға келгенде іштей қиялға беріліп, өз-өзімен ой түрінде сөйлеседі.

«...Егер Ғайшажанды айттыра келген болса, он құлынды бие сұрасам ба екен, болмаса таза мың теңге ақша сұрасам ба екен. Қой,ақшадан да он құлынды бие дұрыс болар, бес-алты жылда, құдай бұйырса, жүзге тарта жылқы болмай ма? Жазғы қызығының өзі қандай, үйдің сыртына ұзын желіні құрып, құлындарды шыңғыртып байлап жатқан қандай?... Құдай тілекті берсе, мұратқа жетсем!»

Сыртқы монолог – шығармадағы кейіпкердің біреуге не көпшілікке арнап,сөзін бөлмей ойын жеткізуі. Орта жүздің биі болған Қазыбек қалмақ ханы Қоңтажыға елшілікке барғанда былай дейді: «Біз-қазақ деген елміз. Ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен - қалмақ, біз - қазақ, қарпысқалы келгенбіз. Табысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз. Сен - қабылан болсаң, мен -а рыстан, алысқалы келгенбіз...» Бұл – сыртқы монолог

1. Тұлға ұқсастығы: адамның көзі – бұлақтың көзі, істің көзі

2. Қимыл ұқсастығы: тіл – адамның тілі, сағаттың тілі, техниканың тілі

3. Заттың қызыметіндегі ұқсастық: адамның басы – ел басы

4. Ұғымның бір-біріне қатынасынан туған ұқсастық: жіңішке – жіп, бел

Поэтикалық метафора – ойды әсерлі, әрі айқын етіп жеткізудің бір тәсілі, ой көркемдігі, жалпыхалыққа таныс белгілі суретке негізделген болады: шөл кемесі – түйе, ақ алтын – мақта, сары алтын – бидай, қара алтын – көмір.

Метонимия - зат не құбылыстың қасиет, сапасын, түр-түсін алмастыра суреттеу. Алмастырылған заттың белгілеріне қарап, нені сөз еткенін ұғуға

болады. Метонимияны алмастыру деп те атайды. «Байтал шауып, бәйге алмас» деген мақалдағы байтал әйел бейнесінде.

1. Қимыл-әрекет және оның нәтижесі: өз үйінде ою оймаған кісі үйінде кесте тігеді: 1. қимыл атауы. 2. зат атауы

2. Зат пен оның ішкі мазмұнының арасындағы шектестік: Қазан піскенше кел, ауыл оянды

3. Материал мен одан жасалған зат арасындағы шектестік: Кигені құндыз, жібек бағалы материалдар.

4. Жалқы есімдер мен олардың арасындағы шектестік: Қожанасыр – аңқау, Асан қайғының күйі – уайымшыл, Қодар, Бекежан – қатігез

5. Сапалық сын есім мен олардың заттануы: қара көрінді – зат, артымда қалар қарам жоқ – адам, қара ниеті – пейіл, қара жамылды – қайғы, қарадан шығып, хан болмас – тек, кедей қызының қалыңы 10-15 қара – мал.

6. Автор мен шығарма арасындағы байланыс: Манасты хатқа түсірген, Абайды сүйсең, менше сүй.

7. Жалқы есімдердің бір-бірімен шектестігі: жеңгемнің қолын сағындым.

Синекдоха - бүтіннің орнына бөлшекті, бөлшектің орнына бүтінді пайдалану, яғни бұл суреттеген құбылыстарға ерекше рең, ажар беріп, айтпақ ойларын аша түсуге мейлінше ықпал еткен көркемдік тәсілдердің бірі. Синекдоханы меңзеу деп те айтуға болады.

Жығылғанды тұрғызсаң,

Жылағанды уатсаң,

Қисайғанды түзетсең,

Сұлтан ием жасапты.

Ұйқас – шумақтың соңғы тармақтарындағы дыбыстардың өзара үндесіп келуі, өлең өнерінің мазмұндық, формалық сипаттарының үйлескен негізгі белгісі, бөлігі.

Мысалы, Ыбырай Алтынсариннің «Өзен» деген өлеңінде

Таулардан өзен ағар сарқыраған,

Айнадай сәуле беріп жарқыраған

Жел соқса, ыстық соқса, бір қалыпта

Аралап тау мен тасты арқыраған,- деген жолдарда «сарқыраған, жарқыраған, арқыраған» сөздерінің буындары ұқсас келіп, өзара үндесіп, ұйқас жасап тұр.

Ұйқастың қара өлең ұйқасы, аралас, шалыс, ерікті, егіз, шұбыртпалы ұйқас т.б. түрлері бар.

Қара өлең ұйқасы - 1, 2, 4 жолдар бір-бірімен буын, бунақ, дыбыс үндестігі жағынан ұйқасады да, 3 жол басқа жолмен беріледі. Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» өлеңі қара өлең ұйқасымен жазылған.

Бейнелеу өнері. Мүсін.

Бейнелеу өнері (ағылш. Visual arts) — дүниені көзбен көріп, түйсіну негізінде бейнелейтін пластикалық өнердің бір саласы.

Бейнелеу өнеріне негізінен кескіндеме, мүсін, графика жатады. Бейнелеу өнерінің белгілері архитектура, безендіру және қолданбалы өнерде көрініс

табуы мүмкін. Сондықтан шартты түрде оларды да Бейнелеу өнері қатарына жатқызады.

Сондай-ақ, театр, кино, теледидардағы безендіруді, көркем дизайнды да Бейнелеу өнері ретінде таниды. Бұл өнердің де негізінде адам, табиғат және заттық әлемді тұтастықта, бірлікте қарастыру жатыр.

Бейнелеу өнері дүниені байқау, бақылау, көру нәтижесінде оның көркем бейнесін жасайды.

Мүсіндеу, нұсқадан сурет салудың теориялық негіздері. Мүсін, яғни «скульптура» /латынша *sculptura*/ сөзі алғашқыда қатты материалдардан фигураларды қашап жасауды, шекуді /мүсін жасауды/ білдірген. Кеңінен пішіндеу арқылы жасалған шығармалар да осы ұғыммен білдірілген.

Мүсіннің басқа бейнелеу өнері түрлерінен айырмашылығы сол, оның басты әсерлік құралы аймақтық форма. Мұның өзі оны жасаған кезде ағаш, металл, тас сияқты ұзақ сақталатын материалдарды пайдалануға мүмкіндік береді.

Түрлі халықтар мен дәуірлердің толып жатқан мүсіндік шығармалары бізге дейін жетті. Ежелгі Мысырдың, Үндістан мен Американың мүсіндері мен барельефтері кеңінен мәлім. Антикалық Грекия аса көрнекті мүсіншілер-Фидийдің, Мирон мен Поликлеттің мәңгі өшпейтін шығармаларын әлемге тарту етті.

Мүсін жұмыр /оны барлық жағынан қарауға болады / және *бедерлі* (рельеф) болып келеді. Жұмыр мүсінде адамды бейнелей отырып тек маскамен, яғни бетпен, баспен ғана шектеліп қала алады. Басты иықпен бірге кеудеге дейін бейнелеу жартылай фигура, ал бүкіл бойымен бейнелеу мүсінше (статуя) деп аталады. Көпфигуралы композиция мүсіндік топ немесе ансамбль деп аталады.

Рельеф – тек бір жағынан қарағанда жақсы көрінетін, жазық беттегі мүсіндік бейне. Рельеф екі түрге бөлінеді: фигуралар фонның жазықтығынан өз көлемінің жартысынан аз шығып тұрса, **барельеф** деп, ал фигуралар жартысынан көбірек шығып тұрса ол **горельеф** деп аталады.

Мүсін шығармалары жанды бейнедегі сияқты, станокты және монументті-сәндік болып бөлінеді. Станокты шығармалар айналадағыларға тәуелсіз өмір сүреді, сондықтан түрлі жағдайларда қоюға болады. Монументті-сәндік шығармалар әдетте жеке ансамбльдің, алаңның немесе саябақтың сәулет композициясының құрамдас бөлігі болып табылады.

Мүсіндеу сабақтарының мазмұны мен оқыту әдістемесі

Мүсіндеу сабақтарының мазмұны классикалық мүсін өнері, мүсіндеу құралдары және материалдарымен жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін меңгеру мен оқушылардың кеңістікте көлемді бейнелер жасауы арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуға негізделеді. Сабақ барысында қарапайым саз балшық, ермексазбен көлемді бейнелер жасап, мүсіндеудің алғашқы ереже заңдылықтарын меңгереді. Мүсіндеу өнерінің бейнелеу мүмкіндігін танып, өз шығармашылық қиялын, елестетуін мүсін материалдары арқылы жүзеге асырады.

Сабақта мүсіндеу өнерін дөңгелек мүсін және бедерлік түрлерімен танысып, олардың жеке –жеке теориялық және технологиялық білімдерін меңгереді. Сонымен қатар мүсін өнерінің тарихын саралап, даму кезеңдері туралы мағлұмат алады. Соның ішінде қазақ даласында табиғат жағдайлары мен уақытқа төтеп беріп, қазіргі біздің заманымызға дейін жеткен ескерткіштерімен танысып мақтаныш сезімге бөленеді. Қазіргі қазақ мүсін өнерінің дамуына үлес қосқан Х. Наурызбаев, Е. Сергебаев, Ш. Уәлиханов, Б. Әбішевтердің , Е. Мергенов шығармашылықтарымен танысады. Осындай мүсіншілердің сомдаған Қазақстан қалаларындағы мүсіндік туындыларының атауларын , тақырыптың мазмұнын талдап, көркемдік идеяларын ашады. Сыныпта мүсіндеу сабағын өткізу үшін арнаулы құрал-жабдықтар алдын ала жинақталып сақталғаны жөн, олар: мүсіндеу станоктері, тақтайшалар, қалақшалар /стека / , су құятын ыдыстар , оқушылардың жұмыс барысында гигиеналық тазалықтарды сақтау мақсатында киетін арнаулы киімдері болғаны жөн.

Мүсіндеу сабағы да басқа сабақтар сияқты әдістемелік, дидактикалық принциптер жүйесінде құрылып , өз мақсат-міндеттеріне жетуді көздейді. Мүсіндеу сабағы арқылы оқушылар бейнені, образды тек жазықтықта ғана емес, сонымен қатар кеңістікте де көлемді пішіндер жасау арқылы көрсетуге болатындығын меңгереді.

Мүсіндеу сабақтарында машықтық жұмыстарды орындауға мүсіндеудің жапсырмалап созбалау және құрастырмалы /конструктивті / сомдау әдістері көрсетіліп түсіндіріледі.

Мүсіндеу сабақтарында белгілі бір тақырыптық композицияларды, ұжымдық әдісті пайдаланып орындауға болады. Мысалы, «Наурыз тойы» тақырыбына топтық композиция құрастыру тапсырылады. Ол композицияда Қазақстанды мекендеген ұлт өкілдерін сомдап, ортақ тақырып жүйесін жасайды. Мұнда оқушылар бір-бірімен саналы түрде ақылдасып , ынтымақтастықта жұмыс істеп, тақырыптың, композицияның идеясын ашады. Ол оқушыларды ұжымдыққа , ынтымақтастыққа тәрбиелейді.

Мүсіндеу сабағы да басқа сабақтар сияқты әдістемелік, дидактикалық принциптер жүйесінде құрылып, өз мақсат-міндеттеріне жетуді көздейді. Мүсіндеу сабағы арқылы оқушылар бейнені, образды тек жазықтықта ғана емес, сонымен қатар кеңістікте де көлемді пішіндер жасау арқылы көрсетуге болатындығын меңгереді.

Мүсіндеу сабақтарында машықтық жұмыстарды орындауға мүсіндеудің жапсырмалап созбалау және құрастырмалы /конструктивті/ сомдау әдістері көрсетіліп түсіндіріледі. Мүсіндеу сабақтарында белгілі бір тақырыптық композицияларды, ұжымдық әдісті пайдаланып орындауға болады. Мысалы, “Наурыз тойы” тақырыбына топтық композиция құрастыру тапсырылады. Ол композицияда Қазақстанды мекендеген ұлт өкілдерін сомдап, ортақ тақырып жүйесін жасайды. Мұнда оқушылар бір-бірімен саналы түрде ақылдасып, ынтымақтастықта жұмыс істеп, тақырыптың, композицияның идеясын ашады. Ол оқушыларды ұжымдыққа, ынтымақтастыққа тәрбиелейді.

Бастауыш сыныптардағы бейнелеу өнері пәннің бағдарламасында өнер туралы әңгіме сабақтарына арнаулы сағаттар бөлінген. Бұл сағаттардың ауқымды бөлігі III-IV сыныптарда оқытылады. Өнер туралы әңгіме сабақтарында оқушылар белгілі суретшілер, мүсіншілер және сәулемшілердің өнерімен, шығармаларымен танысады.

Оқушылар суретшілердің өз туындыларын жасауда тақырып мазмұнының тереңдігіне, эмоционалдық әсеріне, көркемдік шешіміне жету жолдарын танып түсінеді.

Оқушыларды үнемі өнер шығармаларымен таныстыру эстетикалық тәрбие беру құралының бірі болып табылады. Суретші көзқарасымен бейнеленген өмір шындығымен танысу оқушылардың өздерін қоршаған ортаға жаңаша көзқарасын қалыптасырып, оның сұлулығын тани білуге тәрбиелейді.

Қазақстан даласындағы орта ғасырлардың көркем мәдениеті бұрын өткен андронов және ежелгі көшпенділер кезеңі мәдениетімен тұрақты мұрагерлік байланыста болғандығымен ерекшеленеді. Көшпелі өмір салты көркем кәсіптің алда ұзақ уақыт бойы басым болатын осы аймаққа тән түрі көркем қолөнер кәсібін қалыптастырды.

Сондай-ақ аймақтағы қалалардың жылдам даму көршілес көркем мәдениеттердің әсері байқалатын көркем қолөнер кәсібі бұйымдарының жаңа түрлерінің пайда болуына ықпалын тигізді. Қазіргі кездегі археологиялық мәліметтер қазіргі Қазақстан территориясында орналасқан орта ғасырлық қалалардың қарқынды өмірі жайлы бұрын болжам түрінде болған пікірді нығайтуға мүмкіндік берді.

Қалалықтардың өмірі негізінен шығыстан батысқа қарай өтетін керуен жолдарының қозғалысын қамтамасыз етумен байланысты болды, ал олардың тұрмыстық жағдайы тұрғындардың басым көпшілігінің өмір салтының жалпы сипатынан айтарлықтай ерекшеленеді. Сондықтан, аймақтық тек отырықшы тұрғындарына ғана тән көркем қолөнер кәсібі бұйымдарынан көшпенді мәдениет тудырған көркем өнер дәстүрлерімен тығыз байланыста байқауға болады. Дегенмен, осы кезеңдегі көшпенділердің өнері мәдениеттердің бір біріне тигізген әсерлерінен байи түсті, себебі, керуен жолдары жаңа идеялар тудырмауы мүмкін емес еді.

Сонымен бірге көшпенді мәдениет қолданылатын материалдар түрлерін де шектеді, көркем композицияны шешудің ережелер жүйесін жасады, қолөнер және шығармашылық жұмыстарының алуан түріне арналған түрлендіру өлшемін анықтады. Көшпенді мәдениеттің “таңында” қалыптасқан көркем дәстүрлер кейінгі екі мыңжылдықта да өзінің өзектілігін сақтап қалды.

Ортағасырлық кезеңде болған көшпенді және қалалық мәдениет көркем қолөнер түрлерін екі типке бөлуге болады: отырықшы тұрғындарына арналған және көшпенді өмір салтына қажет заттар. Сондықтан қолөнер еңбегі біршама жақсы дамып, ұсталар мен көзешілер тұрған қала кварталдары дәстүрлі түрде болды друге болады.

Араб мәдениетінің пайда болуы Қазақстан территориясындағы көшпенділердің өміріне айтарлықтай әсерін тигізбеді, дегенмен сол кездегі

көркем қолөнер кәсібіне аз да болса ықпалы болды. Бұл жадай метал құю техникасында, архитектуралық формалардың қасбетін ою-өрнекпен безендіруде ерекше байқалады. Аталмыш аймақта өмір сүрген ортағасырлық тұрғындардың мәдениетінде сопылық философияның кең тарауының үлкен мәні бар.

Шебердің жұмысында, көркемқолөнер мәселесінен басқа, орта мен көшпенді өмір жағдайына сәйкес келетін бұйымдардың тәжірибелік қажеттіліктеріне артықшылық жасау негізгі байдар болып табылады. Бұлардың біршама өзіндік ерекшеліктері болғаны белгілі.

Егер тұрмыстық заттың формасын оның тәжірибелік функциясы анықтайтын болса, онда декор дүниетанымдық ұстанымдарда

Қағаз пластикасы және сабақтардың теориялық негіздері. Қазақтың ертедегі бізге беймәлім шеберлерін былай қойғанда өткен ғасырдың екінші жартысында бүкіл орта азия мен қазақстан аты әйгілі мұрын жырау (шын аты тілеген сеңірбаев жарты ғасырға жуық өмірін тамірден түйін түйіп алтынды күміске байлаған зергер етік тігіп тас қашаған өнермен өрге жүзген бесаспап шебер болған сондай –ақ қазақстандағы қолөнер дәстүрін жаоғастырушы жүсіп маханбет күмбетбай тәутен әбдіғалй шаяхмет сейтен мұхаметжан шері аяған сияқты атағы ел арасында аңыызға айналған зергерлер мен бүгінгі күні көз алдымен отырған палжігіт берсүгіров әлімбет алданазаров сәдуақас көгентаев мырзақмет елікбаев тапай беймағамбетов құлмырза өтегенов мұхаш әлімбетов дайыр садықов оспан көшебенов хамза жанбосынов дүйсенбай ысмағанбетов садық ыбыраев сайтқасым жамболов отар бай оспанов әбдіғали бәулетов жармақ жұмабаев сәду шоқбаров ахмет ерғожаев сияқты зергерлер мен шеберлердің қолынан шыққан туындылар музейлер мен үйлердің сәнді бұйымдарна айналған айтбай жүсіпов сапарғали ысмайлов ғабдыжамал әубакіров ғани иляев қыздығой ысиыбаева қобан аманжолов жәкіжән қылышбаев жүсібәлі смағұлов тар мен тігіншілік өнерімен белгілі болған шәрмен көшкінбав басықара сағынбаев сайткамал сейтенов омар нұржаубаев есімдерін жұртшылық мақтанышпен атайды

Қазақстандық қолөнер шеберлерінің біразы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне белсене қатынасып амангелді батырдың соңынан ерген сарбаздарға қажетті қару жарақаттар соқты мысалы батырдың ағасы бектепберген үдербаев пенбірге баязи төлегенов мода бек байториев сыздық қызыров сияқты ұсталар көтаршілерді білтелі мылтықтар мен сирақты мылтық айбалта қылыш сүңгі найзалармен қаруландырады ол қарулардың көпшілігі қазір музейлердегі тиісті орындарда сақталулы тұр бұлардың қазіргі жастардың әскери патриоттық эстетикалық тәрбие алуына ролі зор ,халық өнерінің түрлері оның орындалу тәсілдері жоғарыда айтылғандай өте көп кілем тоқу киім үлгілері өрімшілік зергерлік соүйектен мүйізден ағаштан жасалатын бұйымдар ер-тұрман тері илеу тас қашау ұршық иіріп жіп есу өрмек жүгіртіп кесте тігу Жан түтіп ши орау өнерлері әрі қиын әрі қызық бұл өнерлердің өркен жаюы біріншіден тұрмыста пайдалану үшін болса екіншіден халықтың өнерді аса жоғары бағалауынан да туған қасиет олардың сүйектен жасаған кереуетері мен сандық асадал адалбаақан жүкаяқ кебеже мүйізден шақшалары мен ыдыстары сәндік

бұйымдары сырға білезік жүзік өңірше алқа шолпы шаштеңге шашбау сақина ілгекқапсырмалары ел арасында әлі де жиі кездеседі тұс киіз сырмақ текемет аяққап кесе қап шабадан саннық қап бау-басқұр қоржын тағы басқа киіз үй жасаулары күні бүгінге дейін бар.

Ал кілем тоқу өнері де біздің өрс алған ауылдық жерлерде тұратын қазақ әйелдері мен қыздары тоқыма жүн түтіп жүн сабауды ұмыта қойған жоқ қызылорда шымкент жамбыл торғай ақтобе обылыстарында кілем тоқу өнері ұрпақтан-ұрпаққа ауысып жаңаша түр ою-өрнектер мен әсемдік орнын қадір қасиетін жойған жоқ. сондықтан тиісті орендар осы сияқты жергілікті қолөнер шеберлеріне деген қамқорлықты оларға коректі шикізат қорын бөліп ғасырлар бойы халқымызбен жасасып келе жатқан қолөнердің алдағы уақытта да өркендей беруіне көңіл бөлінеді деп. сенеміз

Әр халықтың ғасырлар бойына жинақталып белгілі бір жүйеге түскен рухани өмірінің ұлттық мәдинетті бар .Мол рухани мәдинетінің маңызы бір саласы қолөнер .Қазақ хаоқының шеберлік өнері еңбек барсында туды және тұрмыс тіршілігінде қолданылаттын өнермен тығыз байланысты болды .Барлық заттар көшпелі халықтұрмысына бейімделіп жасалды .Қолөнер ғасырлар бойы дамып қалыптасып келе жатқан хаоық шығармашылығы.ол талай ғасырлар кезеңінен өтіп түрленіп жаңарып келіп атадан балаға қалған мұра ретінде бізге жеткен дәстүрлі өнер .Ол арқыллы біз үлкен рухани эстет икалқ тәлім алып өнер әлеміне қанат қағамыз. Өнер туындылары белгілі бір дәуірде,сол дәуірде өмір сурген халықтың тұрмыс тіршілігін бейнелейді. Халықтың асқақ арманын, табиғат сұлулығын, ішкі жан сезімін өнер арқылы білдірген. Өнер туындылары арқылы белгілі бір халықтың тарихын білуге болады.

Тіл арқылы кез келген халықтың даму дәрежесін, оның даму тарихын, мәдениетін түсінуге болады. Мәселен сол тілді сақтап дамыта білуде. Ал біздің тіл қорымызда мал шаруашылығы мен егін шаруашылығына, аңшылық, саятшылы, балықшылық, т.б. кәсіпкерге, қол өнерінің сан алуан түріне байланысты мыңдаған ұғым мен заттардың атаулары бар және кез келген атаудың сыртыда тұрған, соған байланысты этнографиялық ұғым, наным сенім,әдет ғұрыптар тағы б ар .Әр түрлі заттың құбылыстың аты –жөні сыр-сипатты қоғамдық қатынастар әдет ғұрып салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағұлматардың бәрі де кейінгі т уындарға тән тіл фактілері арқылы ғана яғни тілдегі сөздер менсөз тіркестері фразеологизмдер мен арқылы мақал мәелдер аңыз ертегілер арқылы жетуі мүмкін емес кез келген тілдің қоғамда өзара байланысты үш түрлі қызметті бар .оның басты қызметі коммуникативтік яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатнас жасап бірін-бірі түсінуі пікіри алысу үшін қажетті қызметі.

Оның екінші қызметі көркем шығарма тіліне тән тілдің бұл қызметіәрине қаламгердің шеберлігіне сөз саптау мәнеріне байланысты .ал тілі үшінші қызметі ғылыми терминмен айтқанда аккумулятивтік қызмет деп. аталады яғни ол тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп қалыптасқан баолық сөз байлығын өз бойына жиып сақтап келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын игілікті қасиеті.

Қазір кейіз үйдің неше түрлері жиһаздарының жаңаша түрмен дамытуда шәми айтмағанбетов бибі сәрсенбаева зейнел жұмағұлова қадиша сәметова бағдат игенбаева ағайша бірәлина моншақ сәдуова салима әзірбаева насипа тайманова қатима қожақметова сияқты халық арасынан шыққан өнер иелерінің еңбегін атап өткеніміз лайық

Халық шеберлері жеке адамның мұқтажын ғана өтеп қойған жоқ кешгі күндері олар колхоз өндірісіне де белсене араласты шаруашылыққа соқа қамыт-сайман жасады олардың ішінде Ленин орден імен құрмет белгісі орден імен нағыраталған атақты ұста мұқаметжан оспановты бірнеше медалдарды омырауларына тақан құлмырза мырзақмет жармақ нұрбек әбдірақман әлімбет дайыр көшербай ұсталар да қиын кезде осындай еңбегімен көзге түсті мұндай кісілер тізе берсеңіз республикамызда көп-ақ.

Коммунистік партия мен сонет үкіметі халық өнерін дамытып өркендентуге әрқашан көңіл бөліп қамқорлық жасап келеді оған қолөнер шеберлерінің аудандық обылыстық және республикалық көрмелерінің өткізілуі халықтың қолөнері деген рубрикамен баспасөз бетерінде оқтын-оқтын мақалалардың жарық көріп отыруы осының айғағы астанамыз алматыда тұскиіз фабрикасы деген ат пен фабрика ашылып ұлттық бұйымдарды қалпына келтіру байта жаңғырту мәселесі қолға алынды қазақстан атты дүкенде халқымыздың кәрімен жасына коректі бұйымдар осы фабрика және басқа кәсіп орындары арқылы көріне бастағаны қандай қуаныш.

Тақырып 3. Классикалық музыка. Заманауи музыка. Хореография Сұрақтар:

1. Классикалық музыка.
2. Заманауи музыка
3. Хореография негізі және түрлері

Классикалық музыка.

«Классикалық музыка» деген атау - бұл шамамен 1000 -дан бүгінгі күнге дейінгі кең кезеңді қамтитын батыс өнерінде, шіркеулік және концерттік музыкада шығарылған немесе дәстүрлерге негізделген музыкаға қатысты кең, біршама дәл емес термин. Бұл дәстүрдің орталық нормалары осы кезеңде дамыды, бірақ Антон Рейча сияқты теоретиктердің музыкалық теорияларының, сондай -ақ Гайдн сияқты композиторлардың музыкалық шығармаларының таралуы арқасында 1550-1900 жылдар аралығында Үшінші және төртінші ғасырларда Римнің құлдырауымен және Еуропада христиандықтың күшеюімен Батыс әлемінің ұлы өнеріне гүлдейтін тұқымдар діни сенім мен практиканың құнарлы топырағына тереңдей себілді. Арнольд Тойнбидің христиандық шіркеу «біздің батыстық қоғамымыз пайда болған хризалис» деген бағасы христиандық ойдың батыс мәдениеті, музыкалық теория, эстетика және аксиологияның дамуындағы рөлін көрсетеді.

Генезис және ерте тарих

Алғашқы христиан шіркеуі Еуропаны өзгерту миссиясы бар, осылайша осал топ болды және осылайша айналадағы пұтқа табынушылық мәдениеттердің кез келген ассоциациясы мен ықпалына қарсы тұруға тырысты. Ертедегі христиандар мұны өз істері үшін өте маңызды деп санады және барлық жердегі заттарды, соның ішінде музыканы, жанның мәңгілік жағдайын қорғаудың түпкі мақсатына бағындыруды қажет деп санады.

Грек философиясы (алғашқы христиандық шіркеуге Рим арқылы келген, бұл музыка - табиғат күштерімен ғарыштық байланысы бар, сондықтан адамның ойы мен мінез -құлқына әсер ететін күшке ие құрал деп, ертедегі шіркеу мәдениетіне сіңісіп кеткен және бұл туралы тағы да қайталанды. бірнеше христиан философтарының жазбалары, әсіресе Северинус Боций (шамамен 480-524 жж.) мен Әулие Августин (б. з. 354-430 жж.)). Ботиус трактаты, *Музыка*, Ортағасырлық музыканттар үшін Қайта өрлеу дәуірінде физикалық әлемді үйлестіруге қатысты беделді түсінік көзі болды. (*musica mundana*), ақыл мен дене (*музыка хумана*) және әуендер/музыка *musica instrumentalis*). күрделілігі мен дамуының биіктігіне жетті. Моцарт пен

Бетховен жалпы практикалық кезең ретінде белгілі. Барокко дәуірінен бастап (1600-1750 жж.) Тоналды логика мен ұйымдастырушылық құрылым арқылы көңіл-күй мен эмоцияларды (әсерлерді) білдіру композиторлардың маңызды мәселелеріне айналды. Сонымен қатар музыканың моральдық -этикалық аспектілеріне деген сенім көптеген композиторлар ұстанған ұғымға айналды. Музыканың эволюциясы және оның орта ғасырларда литургиялық практикаға қосылуы музыка мен оның мақсаты мен қызметі туралы жаңа көзқарастарды тудырды; Музыка діннің «қызметшісі» болу керек деген пікір. Орта ғасырлардағы шіркеу ақсақалдары үшін музыка «сананы христиандық ілімдерге ашқанда және жанды қасиетті ойларға бағындырғанда» ғана жақсы деп есептелді. Орта ғасырлардағы шіркеу музыканың ықтимал «бүлінетін» элементтеріне қатты көңіл бөлді, нәтижесінде шіркеу иерархиясындағы кейбір фракциялар жалпы алғанда өнерге, әсіресе музыкаға дінге қайшы келеді деп ойлады.

Музыканың эстетикалық сұлулығы мен эмоционалды күшін жоққа шығаруға болмайды. Ортағасырлық христиандық тұжырымдама рухани орындалу мен өтеуге қандай да бір түрде музыка сияқты жағымды нәрселер кедергі келтірді немесе кедергі келтірді, бұл тіпті діннің ең ағартушыларын алаңдатады. Әулие Августиннің бұл дилемма туралы айтқан ескертулеріне назар аударыңыз: «Мен шіркеуімнің әндерінен төгілген көз жасымды еске түсірсем ... мен бұл әдет -ғұрыптың пайдасы зор екенін мойындаймын. Осылайша мен қауіпті ләззат пен сенімділікті сынап көремін. Құлақ қуанту арқылы әлсіз ақыл -ойды арнау шеңберіне ынталандыру үшін шіркеуде ән айтуды қолданады, бірақ егер маған ән айтудан гөрі ән айту қатты әсер ететін болса, мен өзімді мойындаймын қылмыстық жолмен күнә жасады, содан кейін ән айтуды естімеген болар еді ».

Заманауи музыка

XXI ғасыр - жоғары компьютерлік технологиялар ғасыры. Қазіргі бала электрондық мәдениет әлемінде өмір сүреді. Демек, мұғалім баламен бір тілде сөйлесу үшін заманауи әдістер мен жаңа білім беру технологияларын жетік білуі керек, бірақ сонымен бірге мұғалімнің ақпараттық мәдениеттегі рөлі өзгереді - ол үйлестірушіге айналуы керек ақпарат ағыны. Жаңа ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы және оларды оқу үдерісіне енгізу қазіргі заманғы баланың жеке басының дамуына із қалдырды. Бүгінгі таңда дәстүрлі «мұғалім - оқушы - оқулық» схемасына - компьютерге, ал мектеп санасына - компьютерлік оқытуға жаңа буын еніп отыр.

Неліктен жоғары көркемдік туындылар, эмоционалды мұғалім, ақпаратпен қаныққан сабақ балалардың жүрегінде және жүрегінде жауап таба алмайды? Сабақты қызықты, есте қаларлықтай етіп, оқушыны дамыта отырып, адамгершілік-эстетикалық тәрбиені қалай өткізуге болады?

Қазіргі заманғы музыка сабағы - бұл курста заманауи педагогикалық технологиялар, компьютерлік технологиялар, электронды музыкалық аспаптар қолданылатын сабақ. Музыка сабағы шығармашылық ортаны құрумен сипатталады, өйткені музыка сабағының мазмұны эмоциялар мен олардың

